



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№9 (546)
29 ақпан,
2024 жыл

9-14 ЖАС: БҰРЫМДЫЛАРДЫ ВАКЦИНАЛАУ

не үшін қажет?

Айдар САЙЛАУОВ



Екпе десе екiнiң бiрi үрке қарайды. Жасырып жабатыны жоқ, вирус пен вакцинадан халықтың жүрегі шайылып қалған. Ол аз болғандай, елiмiзде адам папилломасы вирусына қарсы вакциналауды енгiзу бойынша дайындық жұмыстары да басталды. ДДСҰ 9-14 жас аралығындағы қыздарды вакциналауды ұсынып отыр. Осыған байланысты Қазақстанда биылғы жылдың үшiншi тоқсанында 11 жастағы қыздарға екпе салу жоспарлануда. Күзге дейiн 175 мыңға жуық қызды вакцинамен қамту көзделген.

Ғалам жаңалықтарына құлақ түрсең расымен жаға ұстайсың. Дамыған елдер әлдеқашан дабыл қағып, аталған дертті ауыздықтауға бел шеше кiрiсiп кеттi. Себебi жатыр мойны обырының дамуы АПВ инфекциясына байланысты екенi ғылыми түрде дәлелденген. Ал оның алдын алудың жалғыз әдiсi – вакциналау. Дүниежүзiлiк денсаулық сақтау ұйымының мәлiметiнше, бұл дерт әлемдегi барлық катерлi iсiк аурулары

құрылымында 13%-ға дейiн жетедi. Әлемде жыл сайын аталған диагноздан 300 мыңға жуық әйел қайтыс болады. Ал Қазақстанда жыл сайын 1600-ден астам жағдай тiркелiп, 500-ден астам әйел жан тапсырады екен. Катерлi iсiк ауруы арасында жатыр мойны обыры 5-орында, ал өлiм-жiтiм бойынша 8-орында тұрғаны алаңдатады.

2-бетте



ҚАНДАСТАРДЫҢ ҚАЗАҚ ЕКЕНІН ДӘЛЕЛДЕУ ҚИЫН

Қиырдағы қазақтардың тілек-қалауы бір. Ол – Отанға оралу. Тарыдай шашырап кеткен қандастардың басын қосу демографиялық көрсеткішке де ықпал ететіні анық. Ал атамекеңге аяқ басып, білім алуына қолдау білдіру қамқорлықпен тең. Мұны өңірдегі белді оқу орны Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті де қолға алған. Осы ретте Рекрутинг және мансап басқармасының маманы Насихат Смайльмен сұхбаттастық.



АБАЙЛАҢЫЗ!

АВТОБУС АПАТЫ ЖИЛЕДІ



Қоғамдық көлік халық игілігі үшін таңсәріден кеш батқанша тоқтаусыз жұмыс істейді. Күні бойы мыңдаған адамдар бұл қызметтің игілігін көріп жүр. Соңғы жылдары автобустың жағдайы жақсарды. Ыңғайлы жасалған көліктер сапасы жоғарыламаса, кеміп жатқан жоқ. Алайда осының өзіне көңілі толмайтын халық – көлік жүргізушілеріне қиындық тудырып тұр. Еліміздегі қоғамдық көліктің тізгінін ұстағандардың мәртебесі қандай? Сауал көп... Алдымен республика көлемінде қоғамдық көліктерге қатысты жайттарға бір шолу жасап өтейік.

Алматыдағы жол көлік оқиғасы. Бүкіл қазақ еліне мәлім бұл апат халықты дүр сілкіндірді. Аялдамасынан өтіп кетіп, әйел жүргізушіге қол жұмсаған азаматтың кесірінен 3 адамның өмірі қиылды. Оқиға ел арасында резонанс тудырды. Ал өткен жылы Шымкент қаласында орын алған аялдамадағы қайғылы оқиға да ел жадында. Жүргізушінің қызметіне салғырт қарауының нәтижесінде 5 адам қаза тауып, 1 адам мүгедектер арбасына таңылды. Қазақстанда жылына мыңдаған адам жол апатынан зардап шегеді. Өткен жылдың статистика мәліметтері

бойынша қыркүйек айына дейін мыңнан астам адам жарақат алып, оның 500-ге жуығы қаза тапқан. Өкінішке қарай, осындай қайғылы жағдайлар тек Қазақстанда емес, әлемде де күнделікті орын алып жатқаны көңілге қаяу салады.



Ойшылдардың «қаламгерлерді пендеден сәл биік, періштеден сәл төмен жаратылыс» деуі тегін емес. Алдын айдан анық болжап, тағдырын тайға тапба басқандай етіп туындысына түсірген күдіретті қалам иелері аз ба өмірде?! Бұл мақаламыз әдебиет әлемінде өшпес із қалдырып, өзі өмірден із-түзсіз жоғалып кеткен тұлғаларға арналмақ. Кенеттен кебенек киіп кеткендер мен кейіннен кебін киіп оралған акын, жазушылардың ғұмырына қысқаша тоқталайық.



КЕБЕНЕК КИГЕН КЕЛЕ МЕ?

Жарық жалғаннан ұшты-күйлі жоғалып, ғұмыр жолы жұмбақ өліммен тәмам болған акын, жазушылар аз емес. Осынау тағдыр иелерінің арасында біз үшін шетел әдебиетінің шыңы болған Антуан де Сент-Экзюпери, Артюр Краван және қазақ поэзиясында өз соқпағын қалыптастыра білген, қолтаңбасы айқын акындар Танабай Нарманов, Сағат Әбдуғалиев, Әділ Ботпанов жайлы бірер сөз қозғағым келеді.

АНТУАН ДЕ СЕНТ-ЭКЗЮПЕРИ

Әлемге әйгілі «Кішкентай ханзада» шығармасының авторы Антуан де Сент-Экзюперидің тағдыр таланы бәріне қызық. 1900 жылы 29 маусымда Францияның Лион қаласында дүниесігін ашқан жазушы аспан әлеміне бала кезінен құмартқан. Оның көк жүзіне деген шектен тыс қызығушылығын ұнатқан ұшқыш Габриель Бровлевский бала Антуанды ұшақ бортына мінгізеді. 12 жасында аспанда алғаш саяхаттаған сәтінен бастап оның көкейінде көк жүзіне деген махаббаты оянады. Жасы жетіп, әскер қатарына шақырылған Антуан университет қабырғасында

білім алудан бас тартып, Страсбургтағы екінші жауынгерлік авиация полкіне қабылданады. Аз уақыт ішінде қарапайым жұмысшы дәрежесінен кіші лейтенант шеніне көтерілген ол әскери борышын өтеп шыққан соң ресми түрде ұшқыш болып жұмысқа қабылданады.

Африкада авиашығарушы, соғыста авиажауынгер болған атақты жазушы саналы ғұмырын ұшақ басқаруға арнаған. 1926 жылы сахара шөлінде аралық бекеттің басымы болып тағайындалған соң дәл осы қызметте жүріп ең алғашқы «Южный почтовый» романын жазады. Ұшақпен бір емес төрт рет апатқа ұшырап, өлім аузынан қалған жазушы 1942 жылы атақты «Кішкентай ханзада» ертегісін жарыққа шығарады. 1943 жылы өз еркімен соғысқа сұранған қаламгер 1944 жылы ұшақпен барлау рейсіне шығып, із-түзсіз жоғалған. Екі жылдан кейін Антуанға тиесілі ұшақ табылғанымен бортта жазушының мәйіті болмаған. Біреулер оны ұшақ қозғалтқышындағы ақауға байланысты апатқа ұшырады десе, енді біреулер өз-өзіне қол жұмсаған деседі.

4-бетте



9-14 жас:

бұрымдыларды вакциналау не үшін қажет?

Басы 1-бетте

Бүгінде 125-ке жуық ел (АҚШ, Канада, Аустралия, Бразилия, Венесуэла, Ұлыбритания) өзінің ұлттық имундау бағдарламаларына АПВ қарсы вакцинаны енгізген. ҚР Денсаулық сақтауды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, «2023-2025 жылдарға арналған онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі кешенді жоспар» шеңберінде адам папиллома вирусына қарсы вакциналауды енгізу жоспарланған.

– Вакцинация – жұқпалы аурулардан қорғандың ең тиімді әрі сенімді жолы. Профилактикалық екпелермен жоғары деңгейде қамту ұжымдық иммунитет қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша иммунизация жұқпалы аурулардан қорғап қана қоймай, жалпы қоғам денсаулығына оң әсер етеді. Бірқатар жұқпалы инфекциялардан болатын аурулар мен өлім жағдайларын едәуір азайтады. Елімізде профилактикалық егудің Ұлттық күнтізбесі бекітілген. Соған сәйкес әр емханада егу кабинеттері жасакталып, балаларға жоспарлы түрде вакцинация жүргізілуде. Бүгінде облыста 216 егу кабинеті жұмылдырылған. Алыс орналасқан елді мекендерде егу жұмыстары 43 жылжымалы егу бригадасымен жүзеге асырылады.

Ұлттық егу күнтізбесіне 2024 жылдан бастап адам папилломасы вирусына қарсы екеп енгізілді. Екеп науқаны осы жылдың күзінен басталады деп жоспарлануда. Адам папиллома вирусы – бүкіл әлемде кең таралған, шырышты қабаттар мен теріні зақымдайтын вирустар тобының жалпы атауы. Вирустың 190-нан астам түрі белгілі, олардың кем дегенде 13-і қатерлі ісіктің дамуына әкеледі.

АПВ негізінен жыныстық қатынас арқылы таралады және жұқтыру жағдайларының басым бөлігі жыныстық қатынас басталғаннан кейін болады. Вирус тез таралады және жасушалардың қатерлі ісігінің қоздырғышына айналады, сондықтан да қауіпті. Көп жағдайда инфекция еш симптомсыз өтеді. Сол себепті адамда АПВ бар-жоғын арнайы зертханалық талдаудан кейін ғана білуге болады, – деді Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысы Динара Жанабегенова.

Оның айтуынша, вакцина білім беру ұйымдарының егу кабинеттерінде тегін әрі қолжетімді. Сондай-ақ ата-ана өтінішімен вакцинаны тіркелген жері бойынша емханалардан алуға болады. Вакциналау ата-ананың немесе қамқоршының келісімімен, еш қарсы көрсетілім болмаған жағдайда, дәрігердің тексеруінен кейін жүргізіледі. АПВ-ге қарсы вакциналар стандартты 0,5 мл көлемде иық бұлшықетіне егіледі.

ДДСҰ ақпаратына сәйкес, вакциналау кестесі вакцина салынуы тиіс адамның жасына байланысты анықталады. Айта кету керек, кез келген вакциналау, соның ішінде АПВ-ге қарсы вакциналар ақпараттандырылған келісімді алғаннан кейін ғана жасалады.

– Жатыр мойнының қатерлі ісігі онкологиялық аурулар бойынша алдыңғы қатарда тұр. Жас ерекшелігіне келетін болсақ, 40-тан асқан әйелдерде көп кездеседі. Негізгі себебі адам папилломасы вирусы. Аурудың пайда болу факторы – жыныстық қатынасқа ерте түсу, жыныстық қатынаста бірнеше адаммен болу, ерте жастағы жүктілік немесе 18 жасқа дейін босану. Тіпті кеш тұрмысқа шығып, кеш босану да болуы мүмкін. Сондай-ақ босанудан кейінгі тыртық, жаракаттың қалуы, жатыр мойнының патологиялық процестері, гормондық тепе-теңдіктің бұзылуы және имундық жүйенің төмендеуі қатерлі ісікке айналуына себеп.

Ал вакцина алу аурудың алдын алып, жиілігін төмендетеді. Сонымен қатар скринингтік бағдарламаға қатысу да сақтанудың негізгі жолы. Емханаларда ұлттық скринингтік бағдарламалар болады, оған әйелдер шақырылып, тегін түрде жатыр мойнының жұғынды алып, тексеріледі. Көп жағдайда әйелдер өзінде шағым болмаса скринингтен де өтпейді, профилактикалық мақсатта гинекологқа келіп қаралмайды. Ал ауру асқынғаннан кейін оны емдеу де күрделі болады. Сондықтан маман ретінде айтарым, ешқандай шағым болмаса да жоқ дегенде жылына бір рет жұғынды тапсырып, гинекологқа қаралу керек. Соның барысында гинекологиялық тексеру жүргізіп, аппараттарға түсіреді. Күдік болған жағдайда ем тағайындалады.

Көп мөлшерде қан кетіп, асқынған жағдайда онкогинекологқа жібереміз. Яғни онкологиялық орталықта ем алады. Негізгі қатерлік ісіктің емделуі әйелдің организмі мен имундық жүйесіне, жатыр мойны обырының стадиясына байланысты, – деді қалалық №3 емхананың акушер-гинеколог дәрігері Әсел Сармолдаева.

Түйін. Қызын қызғыштай қорғайтын қазақ ата-аналары әуелде бұл шешімге күдікпен қарағаны белгілі. Дегенмен ғылыми зерттеулер мен ақ халатты абзал қандардың шешімі екенің пайдасы мол екеніне сендіреді. Иә сақтансаң ғана сақтайтын заманда түрлі дерт пен жұқпалы аурулардың жолын кесетін жаңа вакцина бұрымдылардың болашағын жарқын етеді деп үміттенеміз.



Басы 1-бетте

Абайлаңыз! Автобус апаты жиіледі

2023 жылдың статистикалық мәліметтері бойынша автобустың қатысуымен 80-нен астам жол-көлік оқиғасы орын алған. Оның 60-ы жеңіл көлік жүргізушілерінің кінәсі болса, қалған 29 жағдай автобус жүргізушілерінің оқпалығының кесірінен орын алған. 136 адам жауапқа тартылып, оның 62-сі ескерту, 51-і сөгіс, 17-сі қатаң сөгіс алып, қалған 6-ауы жүргізуші қызметінен босатылған. Сондай-ақ 2 жолашуы қаза тапқан.

– Автобус тізгініндегі жандарды арнайы заңмен қорғалатын критерийлер бойынша жұмысқа алады. Жүргізушілерде «Д» категориясы болуы міндетті. Сондай-ақ жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес болған жағдайда алынады. Оны растайтын анықтамасы болуы тиіс. Сонымен қатар жұмысқа қабылданар алдында арнайы тесттен өтеді. Бұл тест жол қақтығыстарының алдын алу мақсатында, жол ережелерін қадағалау секілді ерекшеліктерге ие. Осы орайда, жүргізушілерге танымдық сабақтар, түсіндірмелерге арнайы уақыт бөлінеді. «Жол қозғалысы қауіпсіздігі» бөлімі апта сайын сабақтар өткізеді. Қоғамдық көліктің жүрісі, автобусты үлкен жолдарда қай жолға бойынша жүру, аялдамалар туралы, жылдамдықтың мөлшерін шегінен асырмау, сондай-ақ әр адамның өмірі бағалы және ол жүргізуші үшін ең басты приоритеті болуы тиіс екендігі туралы күшейтілген режимде толыққанды ақпараттандыру жұмыстары жүргізіледі, – дейді «Қызылорда автобус паркінің» баспасөз хатшысы Аслан Сағындық.

Қазіргі автобустар су жаңа. Облыс әкімі қала инфрақұрылымын дамыту мақсатында халыққа 150-ден астам автобус табыстады. Жыл соңында аймақ басшысының қолдауымен тағы 50 көлік қолданысқа беріліп, бүгінде 300-ден астам жаңа қоғамдық көлік халыққа жайлы қызмет көрсетуде. Алайда жол ережелерін сақтамайтындардың саны көп, соның ішінде үлкен көліктің жүргізушілері де өз жұмысына немқұрайлық танытады. Зуылдатып бір жерден екінші жерге дейін жылдамдықты асыра жүргізіп келетін жүргізушілер бүгінгі өзінде азды-кемді бар. Көптің наразылығын тудыратын бұл қолайсыздық жолаушылардың өміріне қауіпті екенін атап өту керек. Алайда технологиялар заманы дамыған сайын, автобустарды бақылау құралдары да жақсы жетістіктерге жетуде. Әрбір үлкен сыйымдылықтағы автобустарда GPS қондырғылары орнатылған. Қай жүргізушінің қандай жерде, қанша жылдамдықпен жүріп келе жатқаны туралы ақпаратты алуға болады. Егер жылдамдық 60 км-ден асатын болса, базаға жүргізушінің әрекеті туралы мәлімет түсіп тұрады. Сондай-ақ жолаушыларға арналған әр көлікте бейнебақылау жүргізіледі.

Бұрын автобус жүргізушілеріне қасиеттер көмек беруші еді. Бүгінде олардың қызметін онлайн төлемдер ауыстырды. Ал қолма-қолжолмақсыз есептеуді жүргізуші мойнына алған. Еш қиындығы жоқ болып көрінгенімен, бұл да стресс тудыратын жұмыстың бірі. Себебі аялдамадан міну-

Ұйқының қанбауы адам өмірін қысқартады

1 наурыздан бастап Қазақстан бірінші уақыт белдеуіне көшеді. Осыған байланысты көпшілік арасында түрлі сауал туындағаны да жасырын емес. Алайда ғалымдар құптап отыр. Бірінші пайдасы түнгі ұйқы табиғи уақытқа жақындайды. Соның арқасында тынығу уақыты бір сағатқа ұзарады. Бұл туралы ҚазАқпарат ағыттық тілшісіне астролог, этнограф-ғалым Болат Болайұлы айтты.

Ші-лердің өзі кейде сырт көзге жат мәдениет танытып, қоғамдық орындарда сақталатын этикетті ұмытып кетеді. Тісінше бұл жүргізушінің көңілін алаңдатады. Автобус салонында жанжал іздеп, жүргізушіні балағаттап жататын жайттар кездеседі. Күнделікті өмірде сан алуан жағдайдың орын алатыны рас. Десек те бұл оқиғалар айналадағы адамға зардабын тигізбеуі тиіс. Санаға сіңіп қалған «тұтынушының қалағаны болуы тиіс» деген пікірді ысырып тастаған жөн.

Осы орайда, Қызылорда автобус паркі облыстық тілдер орталығымен бірлесе отырып, арнайы қоғамдық көлік тізгініндегі жандарға әдеп бойынша, жолаушылармен дұрыс қарым-қатынас құру тақырыптарына байланысты сабақтар мен семинар-тренингтер дайындауда. Алдағы уақытта бұл бағытта жұмыс атқарылып, халықпен жақсы коммуникацияға түсе алатын жүргізушілер қатары артады деген үміт бар.

Қорлан САРЫ



1 наурыздан бастап Қазақстан бірінші уақыт белдеуіне көшеді. Осыған байланысты көпшілік арасында түрлі сауал туындағаны да жасырын емес. Алайда ғалымдар құптап отыр. Бірінші пайдасы түнгі ұйқы табиғи уақытқа жақындайды. Соның арқасында тынығу уақыты бір сағатқа ұзарады. Бұл туралы ҚазАқпарат ағыттық тілшісіне астролог, этнограф-ғалым Болат Болайұлы айтты.

Ғалымның сөзінше, бұрын уақыт – әр белдеуге, әр аймаққа (жылқы байлайтын ағаш қазық), адам өз көлеңкесімен немесе аспан арқылы білген. Мысалы «тал түсу», «стан алау», «қызыл інір». Кеш тоқсан тоғыз түлеп батады, таң тоқсан тоғыз түлеп атады. Түн де солай. Адамдар соған қарап-ақ уақытты білген. Қазаққа екі уақыт есебі бар. Шамшия – күн және Қамария ай, қараңғы және жарығымен сағат уақытын есептеп, біліп отырған, – дейді ол.

Ғалым көктемнің алғашқы күнінде жергілікті уақытты 1 сағатқа артқа жылжыту өте дұрыс шешім деп есептейді. Осы уақытта адам ағзасы күні бойына күш жинап алады. Кешкі сағат 22:00-ден кейін ұйқының кезіні басталады. Егер ұйықтамайтын болсаңыз, ұйқы мен ұйқысыздық кәдімгідей соғысады. Ұйқыны ұйқысыздық жентетін болса, имунитет, ас қорыту жолдары, ойлау жүйесі, есту қабілеті, көру, дене қуаты әлсірейді. Содан адам өмірі қысқарып, жазылмайтын ауруға шалдығуы мүмкін. Сондықтан бір сағат артқа шегеру дұрыс. Бір сағат ұйқы, 24 сағатқа күш қуат береді, – дейді Болат Болайұлы.

Суды қалай ішкен дұрыс?

Соңғы уақытта қоғам арасында суды тұрып ішу денсаулыққа зиян, керісінше отырып ішу керек деген түсінік қалыптасты. Анығына келгенде, алғашқысы ғылыми немесе физиологиялық тұрғыда дәлелденбеген.

Ғалымдар тұрған адам мен отырған адамның асқазаны екі түрлі жұмыс істейтінін айтып келеді. Егер адам сұйықтықты тұрған күйінде ішер болса, ол тура жол арқылы аш ішекке бірден тіке өтіп кетеді деген дәлел келтірген еді. Ал адам суды отырып ішкен кезде, ол алдымен асқазанға барып, біреу уақыт тынады, сол жердегі қышқылдармен араласып құрамындағы зиянды заттар өледі. Содан соң аш ішекке өтеді. Әрине су ішкенде ағзадағы бүкіл зиянды зат бірден жойыла қоймайды, ақырын-ақырын жылыстап, суды көбірек ішкеннен кейін ғана ағза әкелмейді. Шынығында, адамдардың көбі әдетте суды ішкен су адам ағзасына еш пайда әкелмейді. Ішуге болмайды деген ойды кейбір мәдениет пен дәстүрлерде кең таралған миф немесе қатетсінік деп есептеледі. Бұл сенімнің шығуы белгілі бір мәдени әдет-ғұрыптарға байланысты болуы мүмкін. Мысалы, аюрведа көмектесу үшін суды отырып ішуге кеңес береді. Алайда бұл тәжірибелер ғылыми дәлелдерге емес, мәдени нанымдарға негізделген. Физиологиялық тұрғыдан қарағанда, дененің кез келген жағдайда су ішуге бейім. Суды ішкенде өңеш сұйықтықты перистальтика деп аталатын бұлшықет жиырылуы арқылы асқазанға жеткізеді. Бұл процеске сіздің денеңіздің қандай күйде болғаны әсер етпейді. Сондықтан суды тұрып, отырып немесе жатып ішкен кезде оның асқазанға ешқандай зияны болмайды. Сайып келгенде, суды отырып немесе тұрып ішуді таңдау қатан физиологиялық талап емес, бұл әркімнің өз еркінде.



Бала психологиясы: гаджеттен келер қауіп көп

Қазіргі балалардың ойлау қабілетінің өзгергені, тілі кеш шығып, дамуында кешеуілдік байқалатыны ата-аналарды алаңдатууда. «Мұның бір себебі гаджетте» дейді мамандар. Бүлдіршіндердің көбі көгілдір экранға телміріп, смартфондағы анимациялық туындыларды тамашалайтынын жиі байқаймыз. Дегенмен технологиялық жетістіктер игілікке айналғанымен, рухани дамуға кері ықпал етуде.

Психологтар саби дүние есігін ашқан сәттен бастап, ересектерден қайталау арқылы көп дүниені үйренетінін айтады. Яғни қолын көтеру, мойнын бұру, эмоция көрсетудің өзін үлкендердің көмегімен меңгереді. Гаджеттен көрген дүниенің барлығын дұрыс деп қабылдайтыны да сондықтан болса керек.

5-6 жасар баланың өзі түрлі мобильді қосымшаларға кіріп, өздігінше әрекет етуге машықтанып алған. Балаға көңіл бөлуге уақыт тапшы болса, теледидардан «Маша мен аюды» қосып береміз. Бізге тек тыныш болса болғаны. Мультфильмді қоспасаң, телефонды сұрағанда бермесең, үйді басына көтеріп жыйлайтыны тағы бар. Бірақ мұндай мінез қайдан шықты деп неге ойланбаймыз? Тынымсыз, айтқаны болмаса бәрін шашып, сындыратын Машаның әрекетін балаңыз қайталап жүрген жоқ па?! Себебі, бұл анимациялық фильм балаларды мазасыз, ашушаң ететінін ақпарат құралдары жарыса жазуда.

Телефонға тәуелділік қалай пайда болады? Гаджет немесе компьютерлік ойындарға құмар болсаңыз, бұл сізге жайлылық сыйласа, бойыңыздағы «дофамин» гормоны жоғары мөлшерге жетеді. Бұл гормон балаларға да дәл солай әсер етеді.

Мультсериалдардың барлығы дерлік баланың психологиясына жақсы әсер етуге тырысып бағады. Сюжеттердің түпкі мәні «оқасылық зұлымдықты жеңеді» деген ұғымды ұстанады. Десек те тілі әлі шықпаған балаларға әр тілдегі мультфильмдерді көрсету ой-санасының бұзылуына әкеледі. Мың қай тілде ойды жеткізу керегін түсінбей, сөйлеу қабілеті тек образды түрде дамиды. Бала тек тыңдауға дағдыланады.

Тағы айта кетерлігі, теледидар мен планшет балалардың көзінің саулығына кері әсер етуде. Бұл қауіп ересектерді де айналып өтпейтінін қаперде ұстаған жөн.

– Жас ата-аналардың көбі баланы жұбату үшін қолына телефонды ұстата салады. Бірақ оның балаға қалай әсер етіп жатқанын ескермейді. Әлі толық жетілмеген бала планшеттегі дауысты естіп, қабылдағанымен, бұл құбылыстарды түсінуге қабілетсіз. Осылай жалғаса келе баланың қабылдау функциясы бұзылады. Телефонмен бала аның құрсағында жатқаннан «дос» болады. Туғаннан кейін ол «достық» ұлғаяды. Телефоннан бас алмаған баланың үілдеуі, былдырлауы кешеуілдейді. Сөйлеу тілі де кеш шығады. Сондай-ақ баланың есте сақтау қабілеті, ақпаратты қабылдауы, сөздік қоры азайып, зейіні тұрақсызданып, танымдық процесі бұзылады. Сөздік қорының аз болғандығынан ойын жеткізе алмай қиналады. Мұның соңы психикалық бұзылысқа әкеледі. Айқайлау, шыңғыру немесе жылау іспеттес теріс қылықтарға бой алдырады. Жас ана ретінде балаларыңызға барынша телефонды аз беріп, бүлдіршінге көп уақыт бөлуге кеңес береміз. Балаға уақыт бөлуден қашпаңыз. Баланың психологиялық ауруын өз қолыңызбен жасамансыз, – дейді дефектолог маман Әдина Бауыржанқызы.

Иә, баланың ойын гаджеттен өзге дүниеге бөлу керек. Бос уақытта спорттық, қосымша білім курстарына, өнер мектебіне және тағы да басқа үйірмелерге жазу ұялы телефонның құрсауынан құтқарады. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деп бекер айтпаса керек. Болашақ ұрпақтың тағдыры өз қолымызда екенін естен шығармайық.

Нұршат НЫШАНОВА

Бауыржан Момышұлының «Ешкім іштен батыр болып тұмайды. Батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады» деген сөзі бар. Бейбіт күнде де ерлік көрсетіп батыр атануға болады. Ел арасында қиын жағдайға тап болғандарды құтқарып қалған ержүрек жандар аз емес. Солардың бірі – Қармақшы ауданы, Төретам кентіндегі №269 мектептің 10 сынып оқушылары Әлімжан Қуатбаев пен Азамат Құдайбергенов.

Бейбіт күннің БАТЫРЛАРЫ

Балалардың айтуынша, 7 ақпан күні Әлімжан мен Азамат баскетбол үйірмесінен үйлеріне қайтып бара жатып, Ю.Гагарин көшесіндегі №3



үйдің төбесінен шыққан жалынды байқайды. Үйде адам бар жоғын білу үшін, шарбағынан секіріп кіріп, есік қағады. Ешкім шықпаған соң, олар қауіпсіздік ережелерін ескеріп, өрт сөндіру нөміріне қоңырау шалады. Оқиға орын алған күні үй иелері ерте ұйықтап қалған көрінеді. Оқушылар өз күштерімен есікті ашып, ішкі бөлмеге беттейді. Үй ішінде әкесі, анасы, кемелеттік жасқа толмаған екі баласы бар екенін біледі. Баспананың

ішкі бөлігінде өрт белгілері байқалмаған. Дереве ұйқысынан барлығын оятады. Өрттің шығу орны үй төбесі екенін көріп, шатырға шығады. Шатырда жанып жатқан қураған қамысты өз күштерімен өшіруге тырысады. Бірі су тасып көмегін беріп, екіншісі үй ішіндегілерді шығара бастаған. Осы уақыт аралығында өрт сөндірушілер мен полиция қызметкерлері де келіп жетеді. Өрт толығымен ауыздықталып, өрттің шығу себептерін анықтау жұмыстары жүргізіледі.

Олар осылай бір отбасының аман қалуына септігін тигізді. Оқиғадан кейін мектеп директоры А.Кәженбекқызы оқушылар жиынында бейбіт күннің батырларына ризашылығын білдіріп, марапаттады. Аудандық төтенше жағдайлар қызметінің басшысы да оқушыларды және сынып жетекшісі А.Елубаеваны арнайы шақыртып, алғысын білдіріп, Алғыс хатпен марапаттады.

– Оқушылар мектебімізде 1 сыныптан бастап білім алып келеді. Олар – оқу ордасындағы белсенді, спортты жаны сүйетін екі дос. Баскетбол ойынының қыр-сырын меңгерген спортшы шәкірттеріміз. Оқушылардың мектеп өміріндегі белсенділігі отбасындағы тәрбие мен мектеп ұстаздарының оқу, тәрбие тұтастығының бір арнаға тоғысу ерекшелігі деп білемін, – деді мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Жасұлан Тәжібаев.

Елімізде осындай өр рухты, қайсар мінезді, жасампаз ұрпақтың өсіп келе жатқандығы көңіл қуантады.

Мақсат ҚОСЫМБАЕВ

Ата қоныс – ҚАШҚАНСУ

Өткенсіз бүгін жоқ. Бүгінсіз ертеңнің де болмайтындығы белгілі жайт. Тарихты түгендесек, халқымыздың бір басына түскен тауқымет ауыртпалығының аз емес екенін айқын сезінеміз.

1928 жылғы кәмпеске науқанында мал-мүлкінен тып-типыл боп айырылып, тақыр жерге отырып қалған қазақ халқының дәл сол тұстағы ауыр азабын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Енді ес жиып, етек жаба бастағанда 1937 жылдың зобалаңы басталып та кетті. Аштық пен тапшылықтың тауқыметі өз алдына, елдің астаң-кестенің шығарған депортация дүрбелеңінің зардабы қаншама?! Оны бір халықтың ғана емес, күллі адамзат баласының басына түскен қаралы күн, айықпас дерт таңбасы десе де болғандай.

Сырдарияның суы көктемде арнасынан асып, жай-саланы қуалап жан-жаққа кетіп жататын. Сол сай салалардың бірі – Қашқансудың табаны терең өзек еді. Өзекке су тоқтатағын бөгеттер жасалған. Шомдап кара буралар салынған. Одан да су тоқтамаған. Бөгелген жерден су ағып, жан-жаққа қаша бергеннен тұрғылықты халықтар жердің атын Қашқансу деп атаған.

Сол кезеңде еріксіз жер аударылып, тақсырет қамытын мойнына ілген көптеген ұлт пен ұлыстың, шағын этностардың қаралы күштері қазақ жеріне қарай ағылып келіп жатты. Жол азабын тартып, әбден жүдеп-жадаған, әлсіз, ашқұрсақ

жандардың бет жүзіне қараудың өзі де тым ауыр еді. Қазақтың көнекөз қариялары: «Жылағанды сұрама, күлгенді сұра, Жылағанның мұңы бар, күлгеннің сыры бар» деуші еді. Сол айтқандай, қайғымен қан жұтып, арып-ашып келген азалы елдің адамдарын қазақтар жөн-жосығын сұрап жатпай-ақ төрінде орын беріп, өз орталарына алып, қайырымдылық көмегін көрсетіп, қамқорлығын жасап бақты. Кәріс халқы «Тіршіліктің түзу жолы жоқ» дейді екен. Ата-бабалары айтып кеткен осы ұлағатты сөзді берік ұстаған олар тағдыр тәлкегі мойындарына салған ауыртпалықты үнсіз көтеріп, сағын сындырмады, аш-жалаңаш жүрсе де, сыртқа сыр бермей, белін бекем буып, білек сыбанып еңбек етті. Сөйтіп аз уақыттың ішінде-ақ бой түзеп, өсіп-өркендеді, ұйымшылдық ұйтқысын жасап, ұлттық болмысын сақтай алды. Міне, мұның өзі ұлттық рухтың тектілігін көрсететін тамаша қасиеттер емес пе?

Әлем кең, тіпті ұшы-қиыры жоқ болып көрінгенімен өз табиғатында біртұтас нәрсе. Қазақ «Адамның күні адаммен» деп белсепалық ой түйіндегенде жер бетіндегі халықтардың бір-бірінен өз-өмір сүре алмайтындығын, өз-



ара аралас-құралас жүргенде ғана өсіп, өркендеп, кемел өркеніетке жететінін меңзеп айтқан болар-ау. Тарихқа жүгінсек, мұның алдында да халықтардың бір елден бір елге көшу үрдісі болған. Бірақ ол еркін, ерікті әрі бейбіт қоныс аударулар болатын, II Николай тұсында қытайлар Ресейде жол салған. Сонау батыстағы тұманды ел – Ұлыбританиядан артынып-тартынып келген ағылшындардың орталық Азия елдеріне теміржол тараптарын жеткізгені белгілі. Осылайша әр елдің халықтары бір-біріне барып, өнері мен іс тәжірибелерін ортаға салған.

Тарих бетін парактасаңыз, бұның бәрі сталиндік зобалаңнан басталған. 1937 жылы қыркүйекте Қиыр Шығыстан корей халқы Қазақстанға көшірді. Соның бірсыпырасы Қармақшы жеріндегі «Қашқансу» ауылдық кеңесіне қоныс аударды. Пак Ин Кван, Цай Ден Хак

Ким Тен Сем сияқты азаматтар жаңа өңірде еңбек туын желбіретті. Егін егуді қолға алып, соғыс жылдарында осы колхоз диқандары 215 гектар күріштен 3689 центнер өнім алғаны туралы дерек те бар.

Соғыс демекші, бұл ауылға түріктер де қоныстанды. 1944 жылы Грузиядағы Месхетия таулы өңірінен түріктер қазақ еліне жер аударды. Сол уақытта Қармақшыға 28 отбасы келді. Жергілікті қазақтар бұл ағайынды да қабақ шытпай, қамқор көңілмен қарсы алды.

Жалпы бүгінгі ауыл атауы ілгеріден бар дедік қой. Сол кездегі Қашқансу табанындағы «Черновная земля», III Интернационал мен сол уақыттағы Бозарқаш ауылдық кеңесіне қарасты «Утренняя заря» колхозшылары бірігіп, жаңа колхоз құруға бекінді. Бұл 1950 жылы болыпты. Жаңа колхоз «III Интернационал» деп аталып, оның председателі болып Цай Ден Хак

сайланады. Бүгінде ауылдың тік тұруына бірден-бір себепкер корей азаматы 1984 жылға дейін колхоз басшысы болған.

Иә, Қармақшыда қоныстанған 30 шақты корей отбасы қазір едәуір көбейген. Түтін саны 60-қа жуықтаған олар қазақ халқымен қолтықтаса, тату-тәтті өмір сүреді.

Қашқансудағы ауылда қазақ, түрік, кәрістермен бірге орыс, украин, беларус, татар, өзбек және күрдтер өмір сүріп, тәуелсіз еліміздің байлығы мен рухани қазынасын молайта түсуге өздерінің күш-жігерін жұмылдырып келеді. Осындай татулық пен ынтымақ, өзара берік сенім тұрғанда ел іргесі ешуақытта шайқалмақ емес. Тәуелсіздік туы биік әрі берік болғай.

Гүлмира ӨТЕГЕНОВА,

Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері

Басы 1-бетте

Кебенең кичен келе ме?

АРТЮР КРАВАН

Швейцариялық ақын әрі жазушы Артур Краван Оскар Уайльдтің жиені ретінде кеңінен танылған. Замандастары ақынды бүлікшіл, бұзақы, қылмыскер ретінде таныған. Ол өзінің әдеттен тыс іс-әрекеттерімен қоғамда резонанс тудырып, бұзақы бейнесін шығармашылығында да жасырмай көрсеткен. Қаламгердің ғұмыр жолы түрлі оқиғаларға толы болғанымен, соны дерексіз аяқталды. Краванның қызының айтуынша, ол екінші әйелімен Мексикаға қоныс аудармақ болған. Дегенмен екеуіне бірдей билет ала алмай, сүйіктісін ғана сапарға шығарып салған қаламгер кейін екінші кемемен аттануға тиіс болған. Бірақ дәл осы сапары сәтсіз аяқталып, із-түзсіз жоғалған жазушы жайлы кейіннен көптеген аңыз әңгімелер тарайды. Бірі қарақшылармен қақтығыста қаза болды деп жорыса, екіншілер оны жалғыз адамдық қайықпен мұхитты кесіп өтпек болған деседі. Кейін белгілі болғандай, Рио-Гранд-дель-Норте жағалауынан екі мәйіт табылған. Олардың бірін жазушы Краванға ұқсатқан.

ТАНАБАЙ НАРМАНОВ

1953 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданында дүниеге келген ақын Танабай Нармановты танымайтын қазақ кемде кем. Отты жырларымен оқырманға ой салған орақ тілді Танабай ақын да із-түзсіз жоғалған қаламгерлердің бірі. Ол өз замандастары арасында айрықша көзге түсіп, оқ бойы озық болған. Ақын Исраил Сапарбай өз жазба-

сында Танабайды соңғы рет газет мекемесінде көргенін айтады. Аға сыйлаған ақжүрек жас ақын оқуын тәмамдап, қолына дипломын ала сала өлеңдері бірнеше рет жарық көрген газетке арнайы ат басын тіреп, сәлем бере келген. Көріскен сәтінде ол жұмысқа орналасардан бұрын, бірер күн Шымкентте жақын достарымен жолығып, көңіл көтеріп, мауқым басқысы келетінін айтқан. Соңғы жазған өлеңдерін ақын ағасына оқып беріп, осында қайта соғамын деп уәде еткен көрінеді. Екі-үш күннен кейін дүйім жұрт суыт хабар алған.

Танабай технология институты жатақханасындағы достарымен бас қосуда көшеге шығып қайтып оралмаған деседі. Ол жайлы алып-қашпа әңгімелер тіптен көп. Бірі отырыс барысында жас жігіттер шексіз қалып, соны ақынға пышақ сұғумен аяқталды десе, ал бірі отырыс соңында көшеге шыққанда көлік қағып кеткен деседі. Тек бірнеше айдан кейін ескі көпір астынан табылған ақын мүрдесін ағайын-жұрт арулап жерлейді.

САҒАТ ӘБДУҒАЛИЕВ

Ғұмыр жолы жұмбақ өліммен аяқталған ақындардың бірі Батыс Қазақстан өңірінің тумасы Сағат Әбдуғалиев. Содыр саясаттың құрбаны болған Сағат ақын қамшының сабындай қысқа ғұмырында бір емес бірнеше рет темір торға тоғытылды. Жалынды жырлары билік өкілдеріне жақпай қалса керек, ол небәрі 22-23 жасынан бастап Орал, Ақтөбе, Жаңаөзен абақтыларына қамалған. Сағат ақын бостандыққа шыққан соң да тағдыр теперішін көрді. Абақтыдан айықпас дертпен оралған ақын өкпе

ауруына ұшырап, ажалмен де бірнеше рет бетпе-бет келеді. Замандастары арынды ақынды «адам біткенді өзіндей көретін ақжарқын, қулық-сұмдығы жоқ, нөпір жаудың ортасына сауытсыз кірген сарбаздай еді» деп еске алады.

Небәрі 37 жыл ғана ғұмыр кешкен ақын 1983 жылы Желтоқсан айында Тайпақ ауылынан үлкен тасқолды бетке алып шығып, ұшты-күйлі жоғалған. Тек 1984 жылдың наурыз айында ғана малын жайылымға алып шыққан балалар ақын сүйегін тауып алады. Жұмбақ өлімге ұшыраған жас ақынның мүрдесі Тайпақ ауылының қорымына жерленген. Жоғалған ақынды алғашында республикалық деңгейде іздеу салған Табылды Досымов кейіннен Сағат ақынның өлеңдерін толық жиып-теріп, «Жүрегіме жүгі түсті жаһанның» атты алғашқы жинағын жарыққа шығарды. Сағат ақынның сағаты тоқтағанымен, өзегін жарып шыққан өлеңдері мәңгі өлмесі анық.

ӘДІЛ БОТПАНОВ

Қазақ поэзиясы оқырманына жақсы таныс Жұматайдың жыр қағанатындағы ең жас ноян Әділ Ботпанов 1969 жылы дүниеге есігін ашқан. Әділ небәрі 20 жасында-ақ талайды тамсандырып, мықтыларды мойындатқан «құбылыс» еді. Ол жайлы қатар жүрген ақын достары мен іні-бауырлары «бірбеткей, тік мінезді, қайсар жан еді» деп еске алады. 1996 жылы шілде айында үйінен шығып кеткен 28 жастағы ақын сол күйі оралмаған. Әділді дария жағасынан

соңғы рет қала әкімі көрген деседі. Ақынның жары Гүлсім Ботпанованың айтуынша, сол жылы анасынан айырылып, балаларының кезекпен ауырғанын көріп, күйзеліске түскен. Ұлы мен жарының жағдайын білмеке ауруханаға соққан Әділді одан кейін көрмеген Гүлсім Ботпанова арқа сүйер азаматын әлі күнге күтіп жүргенін айтады. Із-түзсіз кеткен қаламгерді ұжымдастарынан бастап алыс-жақын туыстары, достары аяқтан тік тұрып, іздеу салды. Бірақ еш нәтиже бермеді. Әділ хабар-ошарсыз кеткен бір айдан кейін оны жырау Берік Саймағанбетов қала ішіндегі кафелердің бірінен жолықтырғанын айтқан. Сәлемдесе сала «қазір, қайта келемін, күте тұр» деп шығып кеткен Әділ қайта оралмаған. Ақынның аузына сөзді Құдай салатыны рас болса керек. Ол өз өлеңіндегі «Өмірзая» жұлдыздай

жыр
к ө -
г і н д е
жарқ етті
де ізім-қайым
жоғалды. «Мені
өледі деген сөздер
– ертегі!» деп жазған
ақын дүниенің бір қиы-
рында жан сырын жырмен
жазып, жалқы ғұмыр кешіп жүрген
болар бәлкім.

Аружан ОРАЛБАЙ



Уақыт деген қандай жылдам десеңіші?!... Кеше ғана Сырдың топырағында аунап, балаң балалық шағымды өткеріп жүрген, тұлымшағы желбіреген сары ауыз балапан едім. Қазір 8-сынып оқушысымын. Ес білгелі ұстаздық қызметте жүрген анаммен бірге тарихи орындарды, мұражайларды аралап, жаңа деректерге қанығып өсіп келемін.

Алаштың айбарысың, ҚЫЗЫЛОРДА!

Қазақылық қаймағы бұзылмаған Қызылорда қаласының ел тарихында өз орны бар екендігіне дәлел көп. 1925 жылы Кеңестік Қазақ республикасының алғашқы астанасы болды. Ұлттымыздың қазақ атауы қайтарылды. Екі ғасырлық тарихы бар қала бүгінгі күні әлеуеті артып, экономикасы өрістеген, рухани-мәдени байлығы кемелденген іргелі қалалардың бірі. Қала қарқынды құрылыс алаңына айналып, Сырдарияның сол жағалауында әсем ғимараттар бой көтеріп, көптеген үй салынып, халық игілігіне берілді.

Қазіргі таңда орталық алаң да күрделі өзгерістерден өтіп, біздің емің-еркін шаттанып жүруіміз үшін жағдай жасалғаны көңіл қуантады. Шаһарымның әрбір ағашын, саф ауасын, сарқыраған Сырдариясын бала жүрепкең жақсы көремін.

Балабақша қабырғасынан ән айтып, би билеуді, сурет салғанды, жатқа мәнерлеп оқығанды ұнататынмын. Мектеп табалдырғын атаған сәттен бастап, белсенді оқушылардың қатарындамын, сыныбымың топ басшысымын. М.Қалауов атындағы «Өнер» мектебінің «Хореография» сыныбын үздік тәмамдап, А.Тоқмағамбетов атындағы филармония жанынан құралған «Ақмарал» би студиясының бишісі де болдым. 5-сыныптан бастап қазақтың кара домбырасын қолға алып, дәстүрлі әннің де сырын меңгеруді бастадым. Сыр еліне ғана емес, бүкіл республикаға танымал жырау М.Сәрсенбаеваның шәкіртімін. Ғылыми жобалар мен пәндік олимпиадалардың жеңімпазымын. Бұның барлығы болашақта туған жерім Қызылордамның атағын әлемге шығару үшін жасаған алғашқы қадамдарым деп есептеймін.



Р.Бағланова, М.Ералиева, М.Сәдуақасова сынды жезтаңдай әнші болу да, шетел тілін меңгеріп, әлемге елім туралы мәліметтерді паш ету де – армандарымның бірі. Қызылорда халқы – салт-дәстүрді сақтаған, әдет-ғұрыпты құрметтейтін, үлкенді сыйлап, кішіге ізет білдіретін қонақжай халық. Туған жерімнің атын естіген көпшілік бірден күршіті, аты мәшһүр Арал теңізі мен «Байқоңыр» ғарыш айлағын да еске алады.

Туған қаламда көшелерде немесе қоғамдық көлікте жасы үлкен кісілерге орын беріп, сыйластық танытып жатқан үлгіні көріп, мен де осы ізгі қасиетті бойыма сініріп, құрмет көрсетемін.

Алашқа ана, талайға пана болған Сыр елінің жүрегі – Қызылорда қаласында туып, өсіп, білім алып жатқаным мақтанамын.

Айару АМАНБАЕВА

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Конституцияның 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» делінген. Негіз мемлекеттік тіл – қазақ тілі деген сұраққа жауап іздесек, ол Конституцияның преамбуласында айтылған: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттік құра отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдында жоғары жауапкершілігімізді сезініп, егемендік құқығымызды негізге алып, осы Конституцияны қабылдаймыз», – делінген.

Басқаша айтқанда, жер де, ел де қазақтың деген сөз. Мемлекеттік тілдің жоғары саяси-құқықтық мәртебесі оның жария-құқық саласында қызмет етуінің артықшылығы не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкін екендігімен расталады. Республика Президенті мен Парламенті Палаталары төрағаларының мемлекеттік тілді міндетті түрде еркін меңгеруі; мемлекеттік рәміздерде тек қана қазақ тілінің пайдаланылуы; мемлекеттік органдардың мөрлері мен мортанбаларындағы атауларының, мемлекеттің егемендігін айқындайтын мемлекеттік белгілердің (шекара бағандарында, кеден атрибуттарында және т.б.) қазақ тілінде жазылуы; мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтық актілері мен өзге де ресми құжаттарының мәтіндерін қағазда және өзге де тасымалдаушыларда орналастырғанда, мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми тұлғалары көпшілік алдында сөз сөйлегенде; мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми бланкілері мен басшыларында; ұлттық валютада және өзге де мемлекеттік бағалы қағаздарда; республика азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарда, мемлекет атынан берілетін өзге де құжаттарда, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметімен байланысты өзге де салаларда қазақ тіліне басымдылық берілуі.

Тілдердің қоғамда қызмет етуін заңды реттеу, әдетте, этникалық қостілділік жағдайына қажет. Ол тілдердің ресми мәртебелерін, қолданылу құқығы мен салаларын заңдылық тұрғыдан анықтайды. Көптілділік жағдайында заң тілдерге тең немесе тең емес мәртебе беруі мүмкін. Алайда мәртебедегі заңдылық теңдік не теңсіздік мемлекеттік саясат бағытының шынайылығын көрсете

алмайды. Көптеген елдерде тіл туралы заңдар жасалу дәрежесіне қарай әртүрлі болып келеді. Көп жағдайда заңдар тілдің ресми (мемлекеттік) салалардағы қолданылуын реттеп, жеке өмірдегі тілді таңдауға, жұмыстағы бейресми қатынастарға араласпайды. Зайырлы мемлекеттерде тіл туралы заңдар діни бірлестіктер мен ұйымдарға тарамдайды. Заңдар, әдетте, сөз таңдау, сөз формасы, сөзді дыбыстау т.б. мәселелерді қозғамайды. Бұл заңдардың немересе билік органдарының міндеті емес, лингвистиканың тіл нормаландыру аймағы, «ішкі» тілдік саясат, тіл мәдениетінің мәселесі.

Көптеген елдердің тіл туралы заңдарында заңдылық тұрғыдан реттелетін объектілер құрамы бір-біріне сәйкес келе бермейді. Біршама типті объектілер мыналар: тілдің ресми (заңдылық) мәртебесі, тілдің қолданылуы мүмкін немесе міндетті болып табылатын әлеуметтік өмір салалары және білім беру саласындағы социумның тіл қолдану ерекшелігі мен дәрежесі. Осыларды қорыта келгенде, бүгінгі қазақ тілінің жағдайына байланысты мыналарды айтуға болады. Қазақ тілінің қарым-қатынастық рөлі мен мәні жан-жақты зерттелуі керек. Бұл – оның бүгінгі кезеңдегі хал-жағдайына әлеуметтік лингвистикалық сипаттама беру деген сөз. Сондай-ақ қазақ тілінің құқықтық мәртебесін нақтылау керек. Бұл – оның мемлекеттік мәртебесін іс жүзінде асыру. Қазақ тілінің жағдайын жақсарту бойынша нақты шаралар белгіленуі қажет. Бұл – адамдардың тілді саналы түрде дамыту мүмкіндігін іске қосу болып табылады. Ана тіліне салғырт қарау – өз халқының өткеніне, бүгінгіне, болашағына немқұрайлы қараумен бірдей. Біз қандай жағдайда да, қай кезде де өзге тілдердің дамуына еш нұқсан келтірмей, оларға деген мемлекеттік қолдау – қамқорлық

аясын тіпті де тарылтпай отырып, қалай дегенде де Қазақстан Республикасы мемлекетінің негізін құраушы, ел-жер иесі қазақ халқының ұлттық тілі – қазақ тілінің, мемлекеттік тілдің мүддесін мейлінше кең көздеуге маныз береріміз белгілі. Бұл – әр қазақстандықтың қастерлі парызы. Қазақ тілінің өз мәртебесіне сай толыққанды қоғамдық қызмет атқаруы аса қанағаттанғысыз екенін жан-тәнімізбен түсіне отырып, бүгінде «Тіл туралы» Заңның жүзеге асуы барысын талқылауда басты назарды мемлекеттік тіл тағдырына аударармыз анық.

Қорытындылай келсек, ұлттық идеология – қазақ тілінен, дінінен, қазақ халқының көне тарихынан бастау алады. Егер де мемлекетіміз мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан қазақ халқының әдет-ғұрып, рухын, тілін идеологияның басты тұғыры ретінде қабылдаса қазіргі аумалы-төкпелі заманнан теңселмей өтеміз. Өйткені қазақ тілі әлемдік мәдениеттің бөлінбес бір бөлшегі ретінде тек қазақ топырағында мемлекеттік мәртебені талап ете алады. Өр халықтың басты байлығы, баға жетпес қазынасы – ана тілі. Қазақстан Республикасының негізгі тілі – мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін құрметтеу, оны білу әрқайсымыздың асыл парызымыз. Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттық тілі, діні, ділі. Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы да – тіл. Ол – қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырамас белгісі. Тіл тағдыры баршамыздың қолымызда.

Диана БОЛАТ,
Қызылорда қалалық сотының
бас маман-сот отырысының
хатшысы



Қандастардың ҚАЗАҚ екенін дәлелдеу қиын

Басы 1-бетте

– Шетелдегі қандастардың білім алуына университет тарапынан қанша грант бөлінеді? Жыл сайын көрсеткіште өзгеріс бола ма?

– 2022 жылы 10 ішкі грант бөліп, бәрі игерілді. Ал өткен жылы 50 гранттың ішінен 37 баланы оқуға қабылдасақ, биыл 30 грант бөлідік. Ресей, Моңғолия, Өзбекстан мемлекетіндегі қазақтар бакалавриат бойынша оқып жатыр. Foundation-ға мемлекеттік грант негізінде 30 орын бөлініп, 14 баланы қабылдадық. Оның ішінде ақылы және тегін оқып жатқандар бар. Экологиялық аймақ болғандықтан грант иегерлері 46 мың теңге, ал басқа өңірлер 35 мың теңгеге жуық шөкіртке алады. Бірақ бакалавриатта оқитын студенттерге оқу тегін болғанымен, шәкіртақы берілмейді. Сондықтан жатақхана ақысына 50 пайыз жеңілдік жасадық. Негізі Қызылорданың жатақхана ақысы басқа қаламен салыстырғанда әлдеқайда арзан. Қазіргі таңда университетте оқитын қандастардың саны артты.

– Тестілеу жайында айтсаңыз. Тіпесілі ұпай жинай алмай мәселі қайтқандар бар ма? Студенттер Foundation дайындық курсымен қаншалықты қамтылады?

– Егер бакалавриатта оқитын болса Ұлттық Бірінші Тест тапсырмай, тегін оқуға мүмкіндік бар. Бірақ университеттің ішкі конкурсы арқылы балаларды іріктеп аламыз. Алдыңғы жылы эссе байқауын ұйымдастырсақ, биыл аттестаттың балын есептеуді қолға алдық. Алдағы оқу жылына қабылдайтын 30 баланың конкурсын жаз айында белгілеп, жан-жаққа ақпараттандыратын боламыз.

Ал Foundation-ге келетін болсақ, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты болон процесі арқылы жүзеге асады. Тамыз айының соңы мен қыркүйек айының басы аралығында тіркеу жұмыстары жүргізіледі. Тіркелу уақыты ашылғаннан бастап шетелдермен байланыс жасаймыз. Яғни балалардың тіркелуіне, біздің оқу орнын таңдауына кеңес беріп, жөн сілтейміз. Осылай іріктеуден кейін дайындық курсы қазан айынан басталады. Әр елден келетін қандастар ұлты қазақ болғанымен, тұрған мемлекетінің білім заңына бағынышты. Сондықтан оқуға тапсыру, мектеп бітіру, аттестат алу сияқты тестілеу де әртүрлі болады. Соның барлығын министрлік зерттеп, тұрған мемлекетінде оқуға түсуге мүмкіндік болмағанда Қазақстанға келіп білім алудың жолын қарастырамыз.

– Білім сапасы мен қойылатын талапқа тоқталайықшы. Өйткені Қазақстан тарихы мен қазақ тілін меңгеруде кедергі кезде-

сетін көрінеді. Курс үшін білім беруге арнайы мұғалімдер шақырыла ма?

– Айттып өткенімдей, бакалавриатқа арнайы конкурс жарияланады. Алдымен сұхбаттасу түрінде өткізіп, балалардың тілдік деңгейін тексереміз. Қытайдан келген қандастарда тілдік қиындық болады. Ал Өзбекстан мен Моңғолия, Ресей қазақтарында мұндай мәселе жоқ. Олар оқу бағдарламасына бірден ілесіп кетеді. Сондықтан Foundation курсында Қытай, Ауғанстаннан келетін қазақ балаларды 60 аптадан кем оқытпай, бір пәнді 90 сағат өткіземіз. Оның ішінде қазақ тілін меңгеретін екі түрлі пән болады. Бірі – оқу сауаттылығы, екіншісі – ресми-іскери қазақ тілі. Дайындық курсы оқу мерзімі 9 ай. Біз қазақ тілін мектепте 11 жыл оқыдық, ал 9 айда меңгеру оңай емес. Сондықтан ресми-іскери қазақ тілі ҰБТ-да кездеспегенімен, қосымша пән ретінде қарастырылған.

Бұдан бөлек пән бойынша сабақ өткізіледі. Осы орайда мектеп бағдарламасымен оқуға қабілетті мұғалімдерді тартып, сабақ кестесін әзірлейміз. Бізге қолдау да жақсы көрсетіліп отыр. Мәселен, облыстық тілдерді дамыту орталығы Foundation-ге түскен балаларды тегін оқытуда. Мұнда нағыз мамандар қызмет атқарады. Нәтижесінде қазақша сөйлей алмай келген Қытайдағы қандастар екі ай ішінде тіл меңгеріп, көне сөздерге дейін жаттап алды.

– Алыстағы ағайынға бағдарламаны насихаттау мақсатында қандай жұмыстар атқарылуда? Әлеуметтік желімен хабардар ету бір бөлек, ал өздеріңіз шет мемлекетке барып, түсіндірме жүргізісіздер ме?

– Шетелдегі қазақ ұйымдары арқылы байланыс нөмір алып, бәріне ақпарат беруге тырысамыз. Моңғолия инстаграм мен уатсап желісіне әуес емес, тек фейсбук жақсы қолданыста. Сондықтан іс-сапарға барып, фейсбукта ақпарат жариялап, шет мемлекеттегі білім басқармасы, мектеп директоры және сынып жетекшісімен байланыс орнатамыз.

Өткен жылы Моңғолияға іс-сапармен барып, ақпараттандыру жұмысын жүргіздік. Ал Өзбекстаннан Қазақ ұлттық мәдени орталығының төрағасы Ерболат Пернеев қазақ мектептерінің басшылық, әкімшілігімен байланыстырады. Бір жағынан ол жақ жақын болғанымен кейін қиындық жоқ, қазақтар саны өте көп. Сондай-ақ мұнда жоғары оқу орындарының көрмесін ұйымдастырады. Мәселен, «Болашақ» бағдарламасы, «Отандар қоры» шетелдегі қазақтар арасында іс-шара ұйымдастырса бізге ресми хат жолдайды. Осылайша көрме немесе құрылтай аясында



барып, оқу орнымыз жайында ақпаратпен бөлісеміз.

– Студенттердің оқуға қабылдану барысында қандай да бір мәселе туындай ма? Жатақхана жайы мен орналасуы қаншалықты бақылауда?

– Аса бір қиындық бар деп айта алмаймын. Бірақ Иран мен Ауғанстан мемлекетіндегі қазақтарға қандас мәртебесін беру қиындығы алаңдатады. Тәліптердің саясатынан кейін әзірге ол мемлекетпен байланыс жоқ. Бізде бір ғана бала оқып жатыр. Ирандағы қандастар елде білім алып, қоныс аударғысы келеді. Бірақ оларға қазақ деген анықтаманы бермейді. Өзбекстан туу туралы куәлігіне жазса, Моңғолияда қазақ деген анықтаманы әкімшілік беріп отырады. Иран мемлекетіндегі қандастар қазақ екенін дәлелдей алмайды. Сол себепті Қазақстанда оқу мүмкіндігінен қалып отыр.

Ал орналасуына ойыссақ, виза мәселесін тағайындау, оқуға қабылдап, бұйрық шығарғаннан кейін студенттердің мекен жайына, сол мемлекеттің миграциясына шақыру жібереміз. Тексеру ұзақ болады. Бәрі талапқа сай болған жағдайда виза аштырып, «С9» визасымен келіп оқиды. Тіркеуге қою, кіріп-шығуының бәрін қадағалап отырамыз. Егер уақытылы бақылауға алынбаса мемлекеттің арнайы тәртібі бар, айыппұл салынады. Сөйтіп миграция тарапынан қиындық туындайды. Сондықтан олардың құжатына мұқият болу керек.

– Бағдарлама қандастардың Отанға оралып, оқып одан әрі еңбек етуге үндейді. Дегенмен елге табын тисе де, кейін жұмыс таппай қайта кетуге ниетті жастар да болды. Содан болар бағдарлама мақсатына толық жете алмады деген пікір бар. Айтыңызшы, осы уақытқа дейін білім алған жастар өңірімізде тұрақтап қалды ма? Бұл жөнінде университет санақ жүргізе ме?

– Иә Foundation-ге бөлінетін 1800 гранттың түпкі мақсаты шетелдегі қандастарды қолдап, атамекенге алып келу. Білім береміз, бірақ жұмыспен қамтылуы, Қазақстанда қалуы баланың қабілеті мен отбасына байланысты.

Өзбекстан мен Моңғолиядағы қазақтардың да мақсаты азаматтық алуға тапсырып, қоныс аудару. Менде оқып жатқан студенттердің ата-анасының 60 пайызы азаматтық алып, Шымкент, Павлодар қаласына қоныстанған. Бірақ олар оқуының аяқталғанын күтеді. Себебі оқу бітірмей, азаматтық алуға тапсырса грант күшін жояды. Өзім қабылдаған студенттердің алды 2 курс оқып жатқандықтан, статистика айта алмаймын. Бұл жайында алдағы 2 жылдықта мәлімет беруге болады.

– Қай мемлекеттен сұраныс көп, қызығушылық жоғары? Алдағы уақытта тағы қандай елмен байланыс орнату жоспарда бар?

– Өзбекстандағы қандастардың Foundation-ге емес, бакалавриаттың ішкі грантына таңдауы түседі. Грант алғандардың 80 пайызын құрап отыр. Ал Моңғолия мемлекеті екі оқуға да бірдей қарайды. Өлде де олардың оқуға келу қарқынын күшейту керек. Сөздің ашығы, Қызылордаға келемін, оқимын деген бала саны аз. Өйткені мұнда туған-туысым жоқ дейді, грантты былай қойғанда Қызылорда облысы барын білмейтін қандастар кездеседі. Ағайын-туыстары осыған дейін Павлодар, Петропавл және Өскеменге орналасқан соң шақырмның алыс екенін айтып, бер жаққа келуі қиын. Қызылорда облыс орталығы болғандықтан, көбіне сол қалаларда қалып, бізге келе алмай жатады. Екіншіден, климаттық жағдай әсер етуі мүмкін.

Оқуды насихаттаудағы фишкамыз аймақтың артықшылығын айтамыз. Мәселен, Қытайдан келген қандастар орыс тілін білмейді. Егер олар Павлодар, Өскеменге тұрақтаса тіл меңгеру жағынан қиналады. Ал облысымызда 99 пайыз қазақтар тұрғаннан кейін, қазақ тілін жетік білуге мүмкіндік мол. Оның үстіне қонақжаймыз. Әрі біздегі шәкіртақы өзге өңірге қарағанда жоғары. Сондықтан ақпараттандыруды күшейтпеңіз. Университет басшылығы да іс-сапар бойынша қаржыландырып отыр.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Замира ҚОНЫСЖАН

Мемлекеттік қызмет әдебі – ҚОҒАМ АЙНАСЫ



Мемлекеттік қызметкердің әдебі – өте маңызды ұғым. Өйткені мемлекеттік қызметкердің тәртібі мен өзін-өзі ұстауына, кәсіби біліктілігіне, халықпен қарым-қатынасына қарай халықтың тұтас мемлекетке деген көзқарасы қалыптасады. Сондықтан елімізде мемлекеттік қызмет атқаратын мамандардың әдеп нормалары қалыптасқан. Мемлекеттік қызметкердің әдебі мен мінез-құлық мәселелеріне үлкен мән берілуі тегіннен тегін емес. Қоғамның айнасы саналатын мемлекеттік қызметкерлер өз әрекетімен басқаларға да үлгі бола білуі керек.

Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Жакында ғана Мемлекет Басшысының бюрократиядан арылу жөніндегі Жарлыққа қол қоюы «мемлекеттік қызметкердің басты міндеті – халыққа адал қызмет етуі» деген мәселені ашық айқындап берді. Мемлекеттік қызметкер әдебі – кәсіби этиканың бір түрі ретінде, мемлекеттік қызметтегі адамның қатынастарының белгілі бір түрін белгілейтін моральдық-адамгершілік нормалар жүйесі. Ол шенеуніктің адамгершілік мәніне қарай, оның мемлекетпен, мемлекеттік қызметкерлерімен, азаматтық қоғаммен қарым-қатынасының сипатына қойылатын моральдық талаптарды білдіретін принциптерді, ережелер мен нормаларды қамтиды. Мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп кодексінің басты міндеттері:

- Қызметкердің мінез-құлқының және өзге адамдармен қарым-қатынасының оңды болуын қамтамасыз ету;
- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- Қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарды болдырмаудың алдын-алу;
- Жұмыстан тыс кезде заң бұзушылықтарға жол бермеу.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бұйрығына сәйкес, мемлекеттік қызметкерлерге арналған Әдеп кодексінің жаңа редакциясы қабылданды. Кодекстің құрылымы өзгертіліп, «Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары» туралы тарау енгізілді. Бұл кодекс мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік әдебін стандарттауға және кішіпейіл мінез-құлқтың алдын алуға бағытталған. Осыған сәйкес, мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік әдебі туралы 6 қағида негізделген. Атап айтсақ, адал ниет, адалдық, әділдік,

ашықтық, сыпайылық, бағдарлану тараулары бар. Жаппы жаңа әдеп кодексі қызметтік әдеп стандарттарын белгілеуге бағытталған және мемлекеттік қызметкерлердің бойында моральдық-адамгершілік қасиеттерді орнықтырудың негізі болып саналады. Уақыт сұранысына сай толықтырып отырған заңнамамыз еліміздегі мемлекеттік қызметкерлердің жүріс-тұрысына әрі қорған, әрі бағыт-бағдар болары сөзсіз. Сонымен қатар мемлекеттік қызметкерлер әріптестерімен қызметтік қарым-қатынасы кезінде әріптестерінің ар-намысы мен абыройына кір келтіретін жеке және кәсіптік қасиеттерін талқылаудан аулақ болу қажет. Сондай-ақ басшылар қарамағындағы қызметкерлермен қарым-қатынас кезінде мерітоқратия (жергілікті атқарушы) қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге, кадр мәселелерін шешуде мекендес, туыстық және жеке басына берілген белгілері бойынша артықшылықтарды көрсетпеуге тиіс.

Түйіндей келе, мемлекеттік қызметкерлердің әдеп кодексі олардың қызметінен тыс кезде де өзінің адалдығына, ар-ұятына, әдептілігіне қатысты жұрттың күмәнін тудырмау. Оның парасаттылық және адалдық сияқты тәртіптік әдеп стандарттарын сақтай отырып, өз ұйымының беделін түсірмеуі қажет екендігін көрсететін әрекеттері, қылықтары және жүрісі мемлекеттік қызметші деген атаққа кір келтірмеуі, үлгілі мінез-құлқы ізеттілік пен адалдықтың маңызды көрінісі болып саналады. Мемлекеттік қызметкерлердің әдеп кодексінің талаптарын сақтап, оны мүлтіксіз орындау әрбір адамның қоғамдағы жауапкершілігі мен міндеті деп есептеймін.

Роза ХИЗАТОВА,
Қызылорда облысының
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық соты
әкімшісінің басшысы

«МЕНИҢ БАУЫРЫМ» ЖОБАСЫ: ЖАСТАРДЫ ІЗГІЛІККЕ БАУЛИДЫ



Бытыр Оқу-ағарту министрлігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігі «Менің бауырым» еріктілер жобасын іске асыру туралы келісімге қол қойды. Жоба негізінен әлеуметтік көмек ретінде іске асырылмақ.

Бірлескен құжат балалардың құқықтарын қорғауға және мектеп оқушыларының қауіпсіз ортада білім алуына бағытталған. Яғни волонтер студенттер кішкентайларға ақыл-кеңес беріп, қамқорлығын көрсетеді. Бұл орайда Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев мектеп оқушыларының қауіпсіздігін сақтау мемлекеттің маңызды міндеті екендігін атап өтті.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, ізгі қоғам қалыптастыруда аға буынмен қатар жастардың да қосар үлесі зор болмақ. Басқаларға ерікті түрде көмек қолын созу ұлтжандылықтың тікелей көрінісі.

Алғашында пилоттық жоба ретінде Астанада басталған бағдарламаға педагогика, құқық, психология, әлеуметтік педагогика және аппараттық технология мамандықтары бойынша 3-4 курста оқитын ЖОО студенттері атсалысуда. Жобаға қатысқан белсенді жастардың еңбегі елеусіз қалмайды. Еріктілікпен көзге түскен студенттерге мемлекет, оқу орны тарапынан түрлі жеңілдік қарастырылады. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек толық түсіндіріп берді.

– АҚШ-та «Community service», яғни «Қоғамдық қызмет» деген пән

бар. Еліміздегі жоғары оқу орындарына ол енгізілуде. 6 университетте бірінші кезекте пилоттық жобаны іске қостық. Бұл оқу орындарында 100% академиялық көрсеткіштермен өлшенетін GPA-ді келесідей бөлдік: 50% – академиялық көрсеткіш, 25% – ғылыми-зерттеу қызметі және 25% – қоғамдық-әлеуметтік жұмыс. Яғни әр студенттің әлеуметтік қызметі: волонтерлік, спорт, әлеуметтік, мәдени жобалары да есептеледі. Жалпы көрсеткіштің 25%-на қосылады. Сондықтан «Менің бауырым» жобасын іске қосу қоғамға пайдасы тиетін игі бастама деп санауға болады. Балаларымыздың әлауқатының жақсы болуы – мемлекеттің игілігі, – деді министр.

Жоба еріктілері алдымен арнайы тренингтерден өтіп, мектепте балалармен және жасөспірімдермен жұмыс істеу жөнінде тәлім алады.

Бұл бастама қазір өз жұмысын бастап кетті. Ізгілікке бағытталған бағдарлама жастарды мейірімділікке, елге жанашыр болуға баулиды деген ойдамыз.

Арайлым ОРАЗҒАЛИ,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

ДӘРІГЕРДІҢ «ОНЛАЙН» КЕҢЕСІНЕН ОПЫҚ ЖЕМЕҢІЗ

Өкініштісі, қазіргі медицина инфобизнеске айналып барады. Ақша табудың оңай жолын іздегендер адам өміріне жауапты мамандықты көзге айналдырып алды. Бүгінде білікті дәрігер болып көріну үшін тіл байлық пен сенімді образ, жинаған жақсы пікірлер болса жеткілікті. Бірлі-жарым курсты оқып алып, саланың білгірі екенін дәлелдеу үшін арасында тегін кеңестерін айтады. Оған қызыққан халық «өзіме өзім дәрігер болайын,

Өкінішке қарай қазір мұндай жағдай көп кездеседі. Тіпті ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан дәстүрлік ем-шараларды бала өміріне қауіпті деп айды аспанға бір-ақ шығарып жүргендер бар.

Ал балалар дәрігері Айнұр Бауыржанқызы мұндай мамандарды «Медицинадағы шарлатандар» деп атап, алдыңызда отырған дәрігер ме, әлде шарлатан

Денсаулығымыз сыр берсе, емделудің оңай жолын іздеп, әлеуметтік желіден дәрігердің онлайн кеңесіне құлақ түреміз. Емханаға барып кезек күту, жолдама алу көп уақыт алады деп оңайға жүгіре салатынымыз шындық. Осылайша сан соғып қалатын сәттер аз емес.

делсен, толық дертінді жеңесің, кепілдік беремін», «авторлық методика бойынша емдеймін», «барлық пациенттерім емделіп шықты», «тек менде емделіңіз», «мен адамды кешенді түрде емдеймін» дейтіндерден абай болыңыздар, – дейді ол.

Әлбетте ажал, өмір мәселесі адамның емес Алланың құзырында. Десе де дендеген дертке шипа табуға ақ халатты абзал жандардың көмегі зор. Антына адал жандарға халық бағасын өзі-ақ беріп жатады. Артық жарнама жасамай алыстан алдына іздеп келетін, қолы шипалы, жүзі иманды дәрігерлер бар.

Ақша үшін жарнамамен атағын асыра сілтеп жіберетіндерге ұрынып қалмау үшін аса сақ болған жөн. Сондықтан сақтықта қорлық жоқ екенін ескерген дұрыс.

Инжу АҚЫЛБЕКҚЫЗЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

өзімді өзім емдейін» деп сол маманның курсына сатып алады. Бірақ оның шын мәнінде кім, қандай маман екенін анықтап жатпайды. «Аңқау елге – арамза молда» дегендей, өтімді образын пайдаланған дәрігерсымақтар жеке қабылдауы мен құрастырған курстарына «әдемі» баға қояды.

Әлбетте интернетте кездескен дәрігерлердің ешқайсысына сенбеу керек, бәрі білімсіз деп кесіп айтудан аулақпыз. Десе де әдемі сөзге, жарқын жүзге иланып қалмай, жағдайды сараптау артық етпейді. Себебі жақында ғана жылтыр жарнаманың біріне сеніп, әлеуметтік желіде балалар дәрігеріне екі жүз мың теңге беріп, екі жасар баласынан айырылған отбасының жан айкайын естідік. Балаға бір күнде 7 ем тағайындап, нәтижесінде баланың уланғаны анықталды.

ба қалай анықтау керектігін айтты. Оның айтуынша, дәрігерлердің мансабын тексеретін «E-License» деген сайт бар. Яғни бұл сайт кімнің мамандығы бойынша жұмыс жасауға құқығы бар екенін білуге мүмкіндік береді. Әр дәрігерде сертификаты, лицензиясы болуы қажет. Бұл – алдыңызда ақ халат киіп отырған жанның медициналық көмек көрсетуге, яғни өзге адамды тексеруге, диагностика жасап, ем тағайындауға рұқсаты бар-жоғын растайтын құжат. Егер маманның қазіргі таңда сертификаты жоқ болса, тіпті медициналық білімі бола тұра, емдеуге құқығы жоқ деген сөз.

Сондай-ақ мына сөздермен манипуляция жасайтын «дәрігерлерден» аулақ жүру қажет.

– «Мен нөмірі біріншімін», «мен мықтымын», «менде ем-

TikTok-тың әлемге әсері

Бүгінде жастар VK, Instagram желілеріне қарағанда, TikTok-та көп уақыт өткізеді. Статистикаға сүйенсек, әлем бойынша 500 млн-нан астам адам TikTok қосымшасын пайдаланады, ал оның ішінде 400 млн-ы қарқынды белсенділік танытып, күніге видео салады. Олардың 69%-ы жасөспірімдер болса, 31%-ы ересек адамдарды құрайды. Сөзбе-сөз айтқанда бүлдіршіннен бастап, жасы үлкен адамдарға дейін бұл желіні жиі пайдаланады.

Ендеше қосымшаның пайдалы және зиянды тұсына тоқталсақ. Мәселен, бұл талантты бар жастар үшін керемет мүмкіндік. Олардың 15 секундтық немесе 1 минуттық бейнеролик түсіру арқылы әлемге танылуға мүмкіндігі бар. Бірақ жетістікке толық жету үшін, алдымен адамды қолдайтын өз аудиториясы болуы керек. Екіншіден, танымал болып, жанкүйер саны 1 млн-нан асқан жағдайда қаражат та табуға болады. Үшіншіден, шығармашыл адамдар үшін шабыт көзі. Тіпті желідегі платформа арқылы дәмді тағам әзірлеу үшін түрлі рецепттерді қарап, мамандардың кеңесін тыңдай алады.

Зияны жөнінде айталық. Жарияланған бейнеролик көп көңілінен шықпаса сынап, жағымсыз пікір қалдырады. Сондай-ақ тақырыпқа шектеу болмағандықтан, адамның миына

кіріп-шықпайтын бейнероликтер де болады. Бұл тек шет жағасы ғана. TikTok желісіндегі кейбір танымал адамдар балаларды немесе ересектерді белгілі іс-әрекет жасауға итермелейді. 2021 жылдың 8 наурыз күні TikTok аккаунттарында адамдарды суицид жасауға шақырған екен. Бірақ мұның себебін әлі ешкім білмейді. Дегенмен нақ сол күн барлық елді алаңдатқанын жасыруға болмайды. Бұл осыдан 4 жыл бұрынғы «синий кит» деген ойын тәріздес. Естеріңізде болса, бұл ойын туралы да әлемде біраз сыбыстар тараған болатын. Мәселен, «осы ойынды бастап ойнасаң, одан шыға алмайсың», «бастапқы тапсырмалары оңай, бірақ әр кезең сайын тапсырма қиындайды, ал ең соңында ойын суицидке әкеледі», «тапсырмаларын орындаудан бас тартсаң, қокан-лоққы жасау арқылы, орындауға мәжбүрлейді» сынды алуан пікір қалыптасты.

Әлемде осындай қосымша жасап, адамдарды суицидке итермелейтіндер көп. Мұның TikTok-қа да қатысы бар. Сол үшін бұндай қокан-лоққы сөздерге берілмеген жөн.

Әрине кез келген ата-ананы мазалайтын сұрақ осы. Бірақ пайдаланушылардың қауіпсіздігі мен қорғалуы TikTok-тың басты басымдығы болып табылады. Оған 13 жасан асқан жеткіншектер ғана тіркеле алады. Ал одан ерте жастағы пайдаланушыларды модерация қызметі анықтап, бұғаттайды. 2022 жылдың үшінші тоқсанында әлем бойынша мұндай 20 миллионға жуық аккаунт жойылған. Сондықтан қосымшаны сақтықпен пайдаланған абзал.

Акерке КЕНЖЕБЕК,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

Оқушы шығармашылығынан



АСЫЛ АНА

Ақылшым менің, аناшым, Қамқоршым өзін ғанасын. Түн ұйқысын төрт бөлген, Қасиеті мол данасын.

Асыл анам, мақтанам, Жаныңызда шаттанам. Мейірім толы жүзінен, Баға жетпес бақ табам.

Ана ғажап гүл едің, Алып сенің жүрегің. Маған бақыт сыйладың, Мен де бақыт тіледім. Қадірінді білемін, Ана!

Самал ШАХАТ,
М. Шоқай атындағы №187 ІТ мектеп-лицейдің 8 «Ә» сынып оқушысы

МУЗА



Жүрегіне жыр құйған соң жаратқан, Пырақ мінген өлең жазған парақтан. Шыншыл сөзі, тілі өткір тас жарған, Өлеңімен елді аузына қаратқан...

Баба бізге өлең сарқыт, бақтан бер, Сүбелі сөз әр өлеңнен тапқан да ел. Мұқағали мәңгіліктің мұзасы, Қазағымның ақиығы, ақтангер.

Нұржігіт БИХОЖА,
М. Шоқай атындағы №187 ІТ мектеп –лицейдің 9 «В» сынып оқушысы

ШЫҢ



Жыр жауынгер, кара өлеңі қағанат, Шахановтың шың өлеңі ғаламат. Қадірлейік бабалардың мұрасын, Бірлікпенен достық бізге аманат.

Мұхтар ақын бізге жетті нұрлы үнің, Ақиқаттың ашқан ығы түндігің. Отырардың отты кезін жырлайдың, Шыңғыс ханның ашып беріп шындығын.

Өлеңгүлге құмартады бала кез, Дүлдүлдерге қызығамыз дарабоз. Алып ойға жетелейді жастарды, Гималайдың биігіндей «Танакөз».

Қаракат ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ,

М. Шоқай атындағы №187 ІТ мектеп-лицейдің 7 «Б» сынып оқушысы



БАСПАНАЛЫ БОЛУ: БАҒЫТ ПЕН БАҒДАР

Өңірде халық саны артқан сайын, баспанаға деген сұраныс та өсіп келеді. Дегенмен үйі жоқтың, күйі жоқ. Жаңадан отау көтерген әрбір жас отбасының арманы – баспаналы болу.

Баспана іздеудің негізгі көзі «Kri-sha.kz» қосымшасында Қызылорда қаласы бойынша сатылымда тұрған 2000-ға жуық көп қабатты пәтер мен 1500-ден аса жеке тұрғын үй бар. Бұл көрсеткіш «OLX.kz» қосымшасында 1100-ге жеткен.

Бүгінде облыс бойынша баспанаға мұқтаж 25000-нан аса адам бар екен. Қызылорда қаласы әкімдігінің тұрғын үй кезегі жөніндегі ақпаратына сүйенсек, тізім бойынша халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтар саны 4095 адам. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар саны 1406. Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскерилер және сайланбалы қызмет атқаратындар 4095. Жалғыз тұрғын үйі авариялық жағдайда деп танылған азаматтардың саны 464-ті құрайды. Бұл тізім бойынша тұрғын үй кезегіне тіркелгендер, тіркелмегендері қаншама...

Қалада қолданыстағы пәтер бағасы да бұрынғыдан 15,5%-ға қымбаттаған. Нарықтағы жаңа үйлердің бағасында 4,4% өсім байқалады. Бір жылда пәтерді жалға беру құны 17%-ға артқан. Қала бойынша ұзақ мерзімге жалға берілетін пәтерлер саны 30 мыңнан асады. Жалдамалы пәтерлер бағасы ең арзаны 70 мың теңге мен 350 мың теңге аралығында. Былай қарасаңыз, Қазақстандағы ірі мегаполистермен шамаласады. Жалдамалы пәтер бағасындағы өсім баспана жетіспеушілігінің дәлелі. Баспанасы жоқ жандар жалдамалы пәтердің есігін қағуға мәжбүр.

Ай сайын қыруар қаржыны бөтеннің қалтасына салып бергеннен, ипотекалық жолмен үй алған дұрыс дейтіндер аз емес. Осы ұстанымдағылар ай сайынғы жалақыдан депозитке ақшасын жинақтайды. Халық пайыздық мөлшерлемесі төмен, төлем жағынан қалтасына тиімді тұсын ойлайтыны рас. Сондықтан «7-20-25» секілді тиімді бағдарламалар қажет. Бірақ бұл бағдарламаның келмеске кеткені барлығына белгілі.

Осы орайда 2024 жылы «9-20-25» жаңа ипотекасының 1 наурызда іске қосылатыны хабарланған болатын. Нақты ақпараттарға сүйенсек, бағдарлама жыл сайын 8 мың отбасын баспанамен қамтамасыз ете алады. Қазір жаңа бағдарламаны «Отбасы банк» пен «Бәйтерек» холдингі бірлесіп әзірлеп жатыр. Аты айтып тұрғандай,

бағдарламада 20 пайыз бастапқы жарна салып, 9 пайыздық мөлшерлеменен 25 жылға дейін баспана несие рәсімдеуге болады. Бағдарламаға соңғы 5 жылда үйсіз жүрген жас отбасылар қатыса алады. Оған қоса жұмыс істейтін жас отбасыларға басымдық берілетіндігі айтылған. Жас отбасыларға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, жағдай жасағаны көңіл қуантарлық.

Осы орайда үй алуға арналған бағдарламаларға тоқталсақ. «Жастарға арналған тұрғын үй» бағдарламасы Алматы, Астана, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Жетісу, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда,

«Дипломмен – ауылға» бағдарламасы тұрғын үй сатып алуға немесе салуға несие беруді көздейді. Қарыздың ең жоғары сомасы – 1500 АЕК-ке дейін. Несие бойынша мөлшерлеме 0,01%-ға тең. Сондай-ақ бағдарлама шеңберінде ауылдарда көтерме жәрдемақы төлеу қарастырылған. Бұл бағдарламаға кез келген жастағы қазақстандықтар қатыса алады. Ең бастысы, дипломы бар және бірқатар мамандық бойынша жұмыс істеуі қажет. Яғни білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, әлеуметтік қамсыздандыру, агроөнеркәсіптік кешен мамандары, ауылдық округтер әкімдері апараттарының мемлекеттік



Маңғыстау Абай, Ұлытау және Павлодар облыстарын қамтиды. Бағдарламаға 35 жасқа дейінгі кез келген Қазақстан азаматы қатыса алады. Отбасындағы ерлі-зайыптының біреуі ғана қатысады. Өтінім берген кезде қатысушының ресми жұмыс өтілі 6 айдан 12 айға дейін болуы қажет. Сонымен қатар соңғы 5 жыл ішінде қатысушының меншігінде жылжымайтын мүлік болмауы тиіс. Банк тұрғын үй құнына емес, тек несие сомасына шектеу қояды. Аймаққа байланысты ол 10 млн теңгеден 20 млн теңгеге дейінгі аралықта өзгереді. Егер таңдалған мүлік қымбатырақ болса, онда бағдарламаға қатысушылар қарыз сомасы мен тұрғын үй бағасы арасындағы айырмашылықты өзі төлейді. Жастар бағдарламасы бойынша бастапқы жарна – 10%, ал пайыздық жылдық мөлшерлеме 5%. Ипотеканың максималды мерзімі – 19 жылға дейін.

қызметшілері. Аудандық әкімдіктер мен облыстық маңызы бар қала әкімдіктері жыл сайын өз елді мекенінде жоғарыда аталған мамандықтардан талап етілетін қызметкерлердің тізімін жасайды және сол тізім шеңберінде мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Займ (қарыз) – маман жұмыс істейтін елді мекенде тұрғын үй сатып алуға немесе салуға беріледі. Несиенің максималды мерзімі – 15 жылға созылады. Шарт бойынша жобаға қатысушы ауылдық жерлерде мамандық бойынша 3 жыл жұмыс істеуі тиіс.

Мұндай жобалардың көбейіп, қолданысқа енуі көңіл қуантарлық. Елі игілігіне жұмыс істейтін жоба мен бағдарлама саны сапасына сай болса, талай түйткілді мәселе шешімін табуы анық.

Мақсат ҚОСЫМБАЕВ

ЖУРНАЛИСТЕР АРАСЫНДА «СОТ РЕПОРТЕРІ» БАЙҚАУЫ БАСТАЛМАҚ

Өткен аптада Қызылорда облыстық сотының ғимаратында Судьялар Одағының қызметін түсіндіру және журналистер арасындағы байқауды хабарландыру мақсатында брифинг өтті. Брифингті ҚР Судьялар Одағының облыстық филиалының төрағасы Бақытбек Елшібеков жүргізді.

Билғыл жылдың қазан айында елімізде Қазақстан Республикасы Судьялар Одағының ІХ съезін өткізу жоспарлануда. Аталмыш съезд ең алғаш рет 1996 жылы 19 желтоқсанда Алматы қаласында өткізілген. Сол жиында Судьялар Одағының жарғысы қабылданып, мақсат-міндеттері белгіленді. Одақ нақты істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыруға ықпал етпейді және саяси мақсаттарды көздемейді.

Облыстың журналистеріне хабарландыру, Судьялар Одағының ІХ съезі қарсаңында Қызылорда облыстық соты және Судьялар Одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы «Сот репортері» байқауын өткізеді. Журналистердің авторлық жұмыстарында қоғам-

да заңдылықты, тәртіпті нығайтудағы сот қызметі, оның ролі, сот процестерінің тәрбиелік мәні, моральдық-адамгершілік тақырыбындағы соттар мен судьялар жайлы очерктер, сот тәуелсіздігін қамтамасыз ету, олардың мәртебесін нығайту мәселелері туралы, сот жүйесіне енгізілген қазіргі заман технологияларының халық үшін пайдасы, судьялардың ауыр да мәртебелі еңбегі, судья және сот қызметкері күніне қатысты тақырыптар қамтылуы керек, – деді Б.Елшібеков.

Байқау екі кезең бойынша өткізіледі. Газет, журнал, интернет газеттер мен порталдарға жарияланған мақала, очерк, сұхбаттар, бейнесюжеттер мен телебағдарламалар 2024 жылдың 1 наурызынан 15 маусымына дейін, екінші кезең 1 шілдесінен 15 қарашасына дейін қабылданады. Яғни конкурста ұсынылған мәліметтер көрсетілген мерзім аралығында жарияланған болуы қажет. Байқау жайлы басқа да мәліметтер Судьялар Одағының облыстағы филиалы мен облыстық соттың әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланады.

А.МАРАТҚЫЗЫ



Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 2023 жылдың қорытындысы бойынша атқарылған жұмысы жөніндегі ақпараты

Республикалық мемлекеттік мүлікті иелену Қазіргі уақытта облыс аумағында 112 республикалық мемлекеттік меншіктегі субъектілер бар, оның ішінде:

- республикалық мемлекеттік кәсіпорындар – 31, оның ішінде:
 - 1) РМҚК – 1;
 - 2) РМҚК филиалдары – 14 (1 ҚР Білім және ғылым Министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК Қызылорда қаласындағы №70 филиалы)
 - 3) РМҚК филиалдары – 16;
- республикалық мемлекеттік мекемелер – 74;
- мемлекеттік қатысуымен заңды тұлғалар – 7.

Мүлікті меншіктің бір түрінен екіншісіне беру

Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру бойынша департаменттен бірталай жұмыстар жүргізілді. 01.01.2024 жылғы жағдай бойынша департамент Қызылорда облысының қаржы басқармасымен бірлесіп, республикалық меншіктен коммуналдық меншікке мүліктерді беру бойынша 19 және коммуналдық меншіктен республикалық меншікке 26 алыс-беріс актілері бекітілді.

ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің және Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің бұйрықтарына сәйкес, республикалық мемлекеттік мекемелердің теңгерімінен теңгеріміне мүліктерді беру туралы 20 алыс-беріс актісі бекітілді.

Сонымен қатар департамент мемлекеттік органдардың және Қызылорда облысының әкімшілігінің қолдауымен келісім хаттарына байланысты коммуналдық меншіктен республикалық меншікке мүліктерді беру бойынша 25 келісім хат берді.

Департамент мемлекеттік органдардың және Қызылорда облысы әкімшілігінің келісім хаттарына байланысты республикалық меншіктен Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне мүліктерді беру бойынша 27 шешім қабылдады.

Мемлекеттік мүлікті жалға беру

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша түсім болжамы – 33500,0 мың теңге;

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша түскен түсім – 45522,5 мың теңге; Орындалуы: + 12022,5 мың теңгеге артық немесе 136% орындалды; Барлығы жалға беру шарттарының саны – 38, оның ішінде: 01.01.2024 жылғы жағдай бойынша жасалған жалға беру шарттары – 13. Жалға берілген жайлардың жалпы алаңы – 2664,0 ш.м.

Республикалық меншік нысандарын сату

ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2023 жылғы бұйрықтарымен бекітілген Сату кестесіне сәйкес, 28 нысан (автокөліктер) енгізіліп, 01.01.2024 жылғы жағдай бойынша 21 нысан сатылды.

Сатылған 21 нысанның сату бағасы 16453,3 мың теңге, республикалық бюджетке түскені 16453,3 мың теңгені құрады.

Нысандарды сенімгерлік басқаруға беру

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру туралы 2 келісімшарт қолданыста, оның ішінде:

– Департаментпен 2022 жылдың 1 жартыжылдығында кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру туралы 1 келісімшарт жасалды. «ЗК-169/5 мекемесі» РММ-нің теңгерімдегі жайларда (98,7 ш.м.) тігін цехтарын ашу бойынша кейіннен сатып алу құқығынсыз, мерзімі 3 жылға, «Ас-кА» ЖШС-мен сенімгерлік басқаруға беру шарты жасалды.

– 2021 жылы «ЗК-169/5 мекемесі» РММ-нің теңгерімдегі жайларда ағаш өнімдерін өндіру цехын ашу бойынша, кейіннен сатып алу құқығынсыз, мерзімі 3 жылға, «Қайсар» ЖК-мен сенімгерлік басқаруға беру шарты жасалды.

Жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік меншікке айналдырылған (түскен) мүліктермен жұмыстардың атқарылуы 2023 жылдың қорытындысы бойынша Департаменттен сот актілері негізінде мемлекет пайдасына айналдырылған (түскен) барлығы 7012 (оның ішінде 6750 л. жанар жағар майы) бірліктігі мүліктеріне қабылдау жұмыстары жүргізілді.

Есептегі кезеге өткізілген 73 электрондық аукционда 5458 бірліктігі мүліктер сауда-саттыққа шығарылып (оның ішінде 5100 литр жанар-жағар майы), одан нақты сатылғаны 5418 (3-дана мото және автокөлігі, 5100 литр жжм., 315 бірліктігі халық тұтынатын тауарлар мен оргтехникалар) мүлікті құрады. Сатылудан бюджетке 4,0млн. теңгенің қаражаты түсірілді.

Мемлекеттік заңды тұлғалардың теңгеріміне өтеусіз жалпы құны 11,7 млн. теңгенің 2 автокөлігі, 1100 литр жжм. және 25 данада халық тұтынатын тауарлары бекітіліп берілді.

Осы кезеге, мемлекет пайдасына өткен, алайда одан әрі қарай пайдалануға жарамсыздықтан 115 бірліктігі (халық тұтынатын тауарлар мен оргтехникалар) мүліктеріне жою жұмыстары жүргізілді.

«Бірыңғай теңгерім ұстаушы» жобасын іске асыру бойынша атқарылған жұмыстар

«Бірыңғай теңгерім ұстаушы» жобасын іске асыру шеңберінде Қазынашылық және Мемлекеттік кірістер департаменттерінің аумақтық бөлімшелерін оңтайлы орналастыру жүргізілді.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекіткен іс-шаралар жоспарын іске асыруға сәйкес, Департамент теңгеріміне қабылданған объектілер – 33.

Оның ішінде: 18 әкімшілік ғимараттар, одан: 6-ауы коммуналдық және республикалық меншікке берілді; 12-сі Департамент теңгерімінде;

15 қосалқы объектілер (гараж, қазандық, қойма), одан: 4-еуі коммуналдық және республикалық меншікке берілді; 1-еуі есептен шығарылды; 10-ы Департамент теңгерімінде.

Қазіргі таңда Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жанакорған аудандарының Қазынашылық және Мемлекеттік кірістер департаменттерінің аумақтық бөлімшелері бір ғимаратта орналасқан.

Оңтайлы орналастыру барысында босатылған әкімшілік ғимараттар республикалық және коммуналдық меншікке берілді.

Оның ішінде: – 2015 жылы Жалағаш және Сырдария аудандары бойынша аудандық Қазынашылық басқармаларының 2 (екі) әкімшілік ғимараттары облыстық коммуналдық меншігіне;

– 2016 жылы Қармақшы және Шиелі аудандық Қазынашылық басқармаларының 2 (екі) әкімшілік ғимараттары басқа республикалық мемлекеттік заңды тұлғалардың теңгеріміне;

– 2021 жылы Жанакорған аудандық Мемлекеттік кірістер басқармасының

1 (бір) әкімшілік ғимараты облыстық коммуналдық меншігіне берілді. 2023 жылғы Қаржы министрілігі аппараты басыншының 2022 жылғы 25 қарашадағы №1196 бұйрығымен бекітілген «Бірыңғай баланс ұстаушы» жобасы шеңберінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің құрылымдық бөлімшелерінің бизнес-процестерін жүргізу тәртібін іске асыру жөніндегі Жол картасының 5-тармағын орындау мақсатында Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті теңгеріміне 7 әкімшілік ғимараттар мен 3 қазандық пен 1 көлікжай өткізілген болатын.

Атап айтқанда Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жанакорған аудандары бойынша Мемлекеттік кірістер басқармаларының әкімшілік ғимараттары, қазандықтары (Арал, Сырдария, Шиелі аудандары) және көлікжайы (Қармақшы ауданы).

Қазіргі таңда Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті теңгеріміне өткізілген ғимараттарда аудандық қазынашылық басқармалары орналасқан.

Е.БЕРДІБАЕВ,
Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің басшысы

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Тасмағанбетов Абзал Нұрланұлының атына ҚР ПМ Қызылорда облысының полиция департаментінен берілген КЗ №17784 (21.09.2025 ж. жарамды) қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ТОҚЫМА ШЕБЕРЛЕРІ КИНЭС КІТАБЫНА ЕНДІ

Ұршық иіріп, тоқыма тоқу көнеден қалған іс емес. Әрі мұнымен тек үлкен кісілер айналысады деу теріс түсінік. Қазір көлөнер – заман тренді және табыс көзі. Тоқымадан дайындалған киім сәннен шықпайды. Егер оның дизайны мен түсі үйлесімді болса сұраныс пен сатылымды әлдеқайда жоғары болатыны сөзсіз. Демек көздің жауын алатын бұйымнан бастап, жылы жемпір, киімнің түр-түрін тоқып киюге мүмкіндік мол. Сатылымда сөреде тұратын тоқылған әдемі сөмкелер де сөзімізге айғақ. «Алтын қол» тоқыма орталығының негізін қалаушы Гүланда Жөкеш тоқыма техникасын үйретіп, қыз-келіншектердің кәсіп бастауына мұрындық болып жүр.

– «Алтын қолдың» Қазақстанда нарыққа шыққанына 14 жыл. Алағашында мошак сата бастадық. Ал қазір еліміз бойынша 6 дүкен жұмыс істейді. Яғни көлөнерге қажетті заттарды жеткізіп беруге әзір. Өзім де тоқу мен тігіннен тыс емеспін. Әуелден дүкенге түрлі киім мен аяқ-киім тоқып, тауар сөресін толтыратынмын. Осылайша сұраныс артты. Бүгінде тоқуды үйретіп жүрмін, сабақ өткізу бойынша ұсыныс көп түседі. Техниканы тегін айтамын. Егер әрі қарай оқып, кәсіпке айналырам десе ақылы курсыма қатысуға болады. 2010 жылдан бастап онлайн және офлайн түрде сабақ өткізіп келемін. 15 мыңнан астам шәкіртім бар. Бәрі нәтижесін көреді, тіпті кейбірі сата алмағанның өзінде отбасына жылы киім, сыйлық ретінде ұсына алады. Бұл да кіріс көзі. Өйткені қымбатқа сыйлық алмай, соған материалын алып, өз қолымен дайындаған бұйым ерекше. Сонымен қатар шәкірттеріміздің көлөнер жұмысы шетелге көрмеге қойылып, КИНЭС рекордтар кітабына енді. Бұдан бөлек қайтарымсыз грант алып, кәсіп ашуға кірісіп кеткендер де жоқ емес. Тоқыманың берер мүмкіндігі мол, – дейді ол.

Иә, «қолымнан келмейді» деп тұра қашудың жөні жоқ. Қолөнер шеберінің айтуынша, ынта мен талпыныс болса үйренуге әбден болады. Ілмек пен жіпті ілестіріп, ой-қиялды ұштастыру жұмыстың өнімді әрі әдемі шығуына сеп. Байқап қарасаңыз, көбі шетелден әкелінетін тауарға құмар. Сондықтан кейбірі «Тоқыманың пайдасы қандай?», «Оны кім алады?» деп ойлауы мүмкін. Бірақ қолдан тоқылып, тігілген киімнің сапалы болатыны анық. Бұған көлөнерге қызығушылықтың артуы, сұраныстың көптігі дәлел.

– Қол жаттыққаннан кейін шебердің шабыты ашыла түседі. Тың идеялар келіп, бірте-бірте үлгісін өзі үйлестіретін деңгейге жетеді. Оған дейін интернет арқылы ізденуге болады. Иә, «тоқыманы кім алады?» деп ескілік ретінде қабылдайтындар жоқ емес. Дегенмен Түркия, Қытай көлөнерді жақсы дәріптейді. Әрбір көлөнер жұмысы сол ұлттың ерекшелігі мен болмысын айшықтайды.



Сондай-ақ оның адам денсаулығына тигізер пайдасы орасан. Қазір стресстік жағдайлар жиі болатыны рас. Күйзеліс кезінде тоқумен айналысу артық ойдан арылтады. Көңіл-күйдің тұрақты болуына да сеп. Әсіресе жүйке жүйесі мен жүрек қан тамырлары ауруының алдын алады. Сонымен қатар тоқыма төзімді әрі сабырлы болуға ықпал етеді, – дейді Г.Жөкеш.

Көрдіңіз бе, бір ғана тоқыма саулық пен мінезге, тіпті табысқа да тікелей әсер етеді. Демек оның нағыз терапия екеніне талас жоқ. Көздің майын тауысып бұйым дайындайтын шеберлердің жұмысы жоғары бағаға лайық. Мұнда қол мен ой еңбегі қабағтасып жатыр.

Замира ҚОНЫСЖАН



РЕЗИН АРТ – НИЕТИМЕ БҰЙЫРҒАН НЕСІБЕ

«Анаға тағзым» орталығында өткен «Брендке бір қадам» көрмесінде резин арт картиналары көздің жауын алды. Бояуы да, өзі де ерекше туындылардың авторы – Айдана Әбілханқызы. Алғашқы тілдесуіміз тапсырыстың көптігінен басталған. Дегенмен «Картинаны асықпай саламын. Жаңасын бастарда байыппен қарап, әр детальға мән беріп, шын ниетпен кірісемін. Сонда ғана оның құндылығы артатын секілді. Тапсырыс саны емес, сапа маңызды» деген шебердің сөзінен кейін туындының тартымды болу себебін ұғына түстік.



Бұл кәдімгі картина емес. Елімізде енді ғана танылған резин артты кейіпкеріміз шетелдік шеберлерден үйреніпті. Нархоз университетін үздік аяқтаған Айдана алғашында студенттерге диплом, курс жазу бойынша көмек көрсеткен. Білімді бойжеткенге диплом жазу бойынша тапсырыстың көбейгені сондай, арнайы сала бойынша мұғалімдердің басын қосып, табысты бизнеске айналырады. Жұмысты нәтижелі орындап, миллиондап қаржы тапқанымен, «бұл еңбек адал болып санала ма?» деген ой бұл кәсіпті тоқтатуына себеп болады. Осылайша шетелдік шеберлердің резин арт туындыларымен танысып, Қазақстанда жасап көруге шешім қабылдайды. Алғашында «мұндай қымбат дүниені біздің елде ешкім алмайды» деушілер көп болғанымен, ерекше дүниеге қызығатындар саны аз емес екен.

Айдананың айтуынша кәсіп бастарда адамның ниеті маңызды.

– Жолдасым екеуміз қаладағы әлдебір үйдің іргетасы құйылғаннан бастап қызықтық. Жанынан өткен сайын үйімізді осылай салайық деп жоспарладық. Зәулім ғимарат аз уақытта бой көтерді. Бұл резин артты жаңа бастаған уақытым. Бірде үлкен картинаға тапсырыс түсіп, қоныс той болатын үйге жеткізіп беруімді сұрады. Картинаны дайындап, үйге жете бергенде таңғалдым. Оны өзім ерекше қызығатын үйге дайындаған екенмін. Адамның ниетіне орай Алла да істің ынғайын келтіреді. Сондықтан

әр туындыны махаббатпен жасаймын, – деді Айдана.

Эпоксидті шайырды бояуға араластыру арқылы дайындалатын резин артты сағат етіп те әзірлеуге болады. Алғашқы күні форма мен түстерді анықтап, гүл немесе тастармен безендіру арқылы дизайнын жасайды. Екінші күні әбден қатқан формаға сағат тілін, қуаттағышын орналастырады. Ең жақсысы, мұндай картинаны шебермен бірге өз қолымен жасап, алып кетуге болады. Көбіне Құран аяттары бар картина мен Қазақстан картасы бейнесіндегі сағаттарға тапсырыс көп екен. Бұл – өз қолымен құнды сый жасағысы келетіндерге таптырмас идея.

Кейіпкеріміздің айтуынша резин арт өнімдерін дайындау қиын емес. Креативті идея мен талғам болса жеткілікті. Тек дайындау кезінде химиялық қоспа қолданатындықтан, бетперде кию маңызды. Ал өнім кепкеннен кейін денсаулыққа мүлде зияны жоқ.

Қазіргі уақытта Айдана онлайн, офлайн форматта оқыту курсы жүргізеді. Өткен жылы бұл бизнес түрі бойынша 2 миллионға жуық табыс тапқан.

«Ынта болса адамда, қиын іс жоқ ғаламда» деген осы. Жаңа салаға алғашқылардың бірі болып қадам басқан кейіпкеріміз шын ниеті, кәсіптегі тұрақтылығы арқылы еліміздегі креативті индустрияның дамуына үлес қосуда.

Айдана ЖҰМАДИНОВА

Қазір жаһан жасанды интеллекттің игілігін көріп отыр. Технологиялық прогрестің артықшылығы мен кемшін тұсы таразыға түскенімен, жасанды интеллект көптеген саланы қамтығаны рас. Мемлекет басшысы да еліміз «цифрлық көшпенділердің ордасына айналуы керек» деп, IT саласына басымдық берді. Бұл бағыт бойынша аймақта айшықты жобалар жүзеге асқаны көпке аян. Жастардың инновациялық идеясын қолдап, шеберлігін шыңдауға жол ашуда. Нәтижесінде жетістікке жеткен дарындылар аз емес. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен өткен дөңгелек үстелде облыстағы IT саланың даму қарқыны жөнінде айтылды.

IT

– Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Оңтүстік Корея елімен бірлесіп жасанды интеллект мектебін ашты. Қазіргі таңда студенттер осы бағытта білім алуды бастап кетті. Алдағы уақытта да екі ел арасындағы бірлескен жұмыстар жалғаса береді. Жалпы, бүгінде университетке арнайы жасанды интеллект бойынша 100-ге жуық грант беру мәселесі қаралуда. Грант иегері атанған студенттер екі жыл көлемінде Оңтүстік Кореяда білім алатын болады. Бұл Қызылорда облысының студенттеріне өте керекті әрі ынғайлы жоба екені анық. Сондай-ақ жас мамандарымыздың тың жобаларын жарыққа шығаруға мол мүмкіндік бермек. Бұдан бөлек, жаңа идеяларды танытатын Kyzylorda Hub, IT park, Astana Hub және облыс әкімдігімен бірлескен түрде әртүрлі шаралар өтеді. Оның ішінде Hack-



athon, Pecha-Kucha секілді шаралар да бар. Былтыр жасанды интеллектті дамыту бағытында Innofest өткіздік. Фестивальде жасанды интеллекті қазақшалаңдырып, ерекше жоба дайындағандардың бірі – қызылордалық оқушы Асылжан Абдуллаев. Қазіргі таңда оның жобасына елімізден бөлек, шет мемлекеттерден де қызығушылық білдіруде. Заман дамыған сайын жаңа технологиялардың пайда болатыны белгілі. Осыған дейін робототехникалар дамып келсе, қазір жасанды интеллект арқылы жаңа индустрияны дамытуға мүмкіндік тууда. Сол себепті IT саланы дұрыс дамыту ел экономикасына жаңа серпін әкелетіні

сөзсіз, – деді Қызылорда облысы әкімі аппаратының цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы Сәбит Ибадулла.

Жоба мен жоспарын жүйелеген жастардың құлшынысы зор. Идеясын илікпей айтып, оны іске қосуда кері шегінбейтіні содан. «Kyzylorda Hub» бизнес-инкубаторының жетекшісі Жанарыс Түбекбаевтың айтуынша, IT бағытында ұйымдастырылатын жобаларға Қармақшы, Арал, Қазалы аудандарының жастары белсенді қатысады екен. Әрине бұл жағымды жаңалық, жақсы көрсеткіш.

– IT тек айтишниктерге арналған сала емес. Бұл сала барлық саламен тығыз байланысты. Сол себепті мектеп

АЙМАҚТАҒЫ АЙШЫҚТЫ ЖОБАЛАР

табалдырығын аттаған әрбір оқушы осы бағыт бойынша толық білім алуы керек деп ойлаймын. Бұл жердегі басты мақсат барлығын IT маманы ету емес, болашағына қажет болатын қарапайым қызметтерден хабардар ету. Жалпы, біздің IT парк базасында 12 резидент бар. Олардың әрқайсысы IT саласы бойынша айына 2 рет іс-шара өткізеді. Ол шараларға ауылдық, аудандық мектептің және колледждің балаларын онлайн түрде қатыстырамыз. Одан бөлек, шетелдің мамандарынан кеңес алып, балалармен кездесу ұйымдастырамыз. Биыл жасөспірімдерге арналған тағы бір жоба өткізуді жоспарлап отырмыз, – деді «Grand master» бағдарламалау мектебінің директоры Алматы Куанышбаев.

Нәзік АХМЕТ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі



Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ

Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Айдар САЙЛАУОВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Кезекші редактор: Замира ҚОНЫСЖАН

Таралымы: 7109 Тапсырыс: 345